

**"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" АҚ**
2013 жылғы Қаржылық есептілігі

МАЗМҰНЫ

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ басшылығының 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға қаржылық есептілігін дайындауға және бекітуге жауапкершілігін растау	4
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	6
2013 жылғы 31 желтоқсандағы күннің соңындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп.....	8
2013 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы есеп.....	10
2013 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталған жыл үшін ақша қозғалысы туралы есеп.....	12
2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	14
2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескерту	
1-ескерту. Жалпы мәліметтер	15
2-ескерту. Қаржылық есептілікті дайындау негіздері	17
3-ескерту. Есепке алу саясатының негізгі ережелері.....	24
4-ескерту. Елеулі бухгалтерлік пайымдаулар және бағалар	33
5-ескерту. Ақша және оның баламалары	34
6-ескерту. Жинақ шоттардағы ақша	35
7-ескерту. Сатып алушылардың және жеткізушілердің дебиторлық берешегі	36
8-ескерту. Берілген аванстар	38
9-ескерту. Өтелгенге дейін ұсталатын қаржы құралдары	40
10-ескерту. Өзге активтер.....	42
11-ескерту. Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	43
12-ескерту. Негізгі құралдар	44
13-ескерту. Материалдық емес активтер	45
14-ескерту. Жеткізушілерге және мердігерлерге кредиторлық берешек	46
15-ескерту. Салықтар және оларға теңестірілген төленуге тиіс төлемдер (корпоративтік кіріс салығынан басқа).....	47
16-ескерту. Резервтер.....	48
17-ескерту. Жарғылық капитал.....	49
18-ескерту. Қаржы құралдарының әділ құны.....	51
19-ескерту. Көрсетілген қызметтен түскен кірістер	53
20-ескерту. Басқа кірістер және шығыстар, нетто	54

21-ескерту.	Лауазымды тұлғаларға сыйақы төлеу және қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар	55
22-ескерту.	Қаржылық қызметті төлеуге жұмсалған шығыстар	58
23-ескерту.	Жалдау шығыстары, коммуналдық төлемдер мен ғимаратқа көрсетілетін қызметтер.....	59
24-ескерту.	Амортизациялау шығыстары	61
25-ескерту.	Корпоративтік табыс салығынан өзге салықтарды төлеуге жұмсалған шығыстар	62
26-ескерту.	Аудиторлық және консультациялық қызметті төлеуге шығыстар	63
27-ескерту.	Телекоммуникациялық шығыстар	64
28-ескерту.	Басқа операциялық шығыстар	65
29-ескерту.	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар.....	67
30-ескерту.	Байланысты тараптармен жасалған операциялар.....	69
31-ескерту.	Шарттық және шартты міндеттемелер	73
32-ескерту.	Тәуекелдерді басқару.....	75
33-ескерту.	Есепті күннен кейін орын алған оқиға.....	79
34-ескерту.	Депоненттердің активтері	80

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ басшылығының
2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға қаржылық есептілікті дайындау
және бекіту жөніндегі жауапкершілігі туралы РАСТАМА**

Осы растама аудиторлардың міндеттерін сипаттап, тәуелсіз аудиторлардың есебінде жазылғандармен бірлесіп, қаралуы тиіс, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" (бұдан әрі – Орталық депозитарий) акционерлік қоғам басшылығының және Орталық депозитарийдің тәуелсіз аудиторларының қаржылық есептілікке қатысты жауапкершіліктерін шектеу мақсатында жасалды.

Орталық депозитарийдің басшылығына 2013 жылғы 31 желтоқсандағы күннің соңындағы оның қаржылық жай-күйін, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелерін, осы күннің аяқталуымен өткен жылдағы Орталық депозитарийдің капиталындағы өзгерістер және ақшаның қозғалысын айқын көрсететін Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігін Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес дайындау жөніндегі міндет жүктелді.

Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігін дайындаған кезде оның басшылығы мына жауапкершілікті алады:

- бухгалтерлік есептің тиісті принциптерін таңдау және оны бірізділікпен пайдалану;
- негізделген бағалар мен есептеулерді қолдану;
- ҚЕХС талаптарын сақтау;
- Орталық депозитарий жақын болашақта өз қызметін жалғастырады деген жорамалды негізге алып, мұндай жорамал заңсыз болған жағдайды қоспағанда, қаржылық есептілікті дайындау.

Орталық депозитарийдің басшылығы мыналар үшін жауапкершілікті алады:

- Орталық депозитарийде ішкі бақылау жүйесінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін әзірлеу, енгізу және қамтамасыз ету;
- Орталық депозитарийде оның қаржылық жағдайы туралы ақпараттың дәлдігінің жеткілікті деңгейімен дайындауға кез келген сәтте мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесіне қолдау көрсету және Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігін ҚЕХС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есебінің заңнамасына және стандарттарына сәйкес жүргізу;
- Орталық депозитарийдің активтерін қорғау үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау;
- алаяқтық фактілерін, қателерді және басқа жөнсіздіктерді анықтау және алдын алу.

Орталық депозитарийдің басып шығаруға бекіткен 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға қаржылық есептілігінің растамасын Орталық депозитарийдің басшылығы жариялайды.

Орталық депозитарийдің басшылығынан:

Президент

Б.Х. Капышев

Бас бухгалтер

Е.Ю. Мирошникова

2014 жылғы 26 наурыз

**2013 жылғы¹ 31 желтоқсандағы күннің соңындағы жағдай
бойынша қаржылық жағдай туралы**

Е С Е П

мың теңге

Көрсеткіш	Ескерту	31.12.13	31.12.12
АКТИВТЕР			
Ақша және оның баламалары	5, 18	108 450	105 878
Жинақ шоттардағы ақша	6, 18	–	173 939
Өтелгенге дейін ұсталатын қаржы құралдары	9, 18	1 798 996	1 200 707
Қауымдастырылған кәсіпорынға салынған инвестициялар	11	174 273	186 771
Негізгі құралдар	12	47 878	63 847
Сатып алушылардың және жеткізушілердің дебиторлық берешегі	7, 18	87 855	80 579
Материалдық емес активтер	13	32 453	28 711
Берілген аванстар	8	12 183	28 599
Корпоративтік табыс салығы бойынша аванстар		3 883	24 151
Кейінге қалдырылған салық активтері	29	5 242	1 830
Өзге активтер	10	5 629	4 303
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ		2 276 842	1 899 315

(соңы – келесі бетте)

¹ Осы жерде және бұдан әрі қарай Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігінде және оның ескертулерінде қандай да бір жылдың 31 желтоқсаны деп ол осы жылдың 31 желтоқсаны Алматы уақытымен сағат 24.00 түсініледі.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы күннің соңындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп
(соңы)

Көрсеткіш	Ескерту	31.12.13	31.12.12
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ			
Міндеттемелер			
Пайдаланбаған демалыстар бойынша резервтер	16	18 450	17 341
Жеткізушілерге және мердігерлерге кредиторлық берешек	14	3 824	8 570
Салықтар және оған теңестірілген төлемдер (корпоративтік табыс салығынан өзге)	15	–	864
Міндеттемелердің жиынтығы		22 274	26 775
Капитал			
Жарғылық капитал	17	54 200	54 200
Бөлінбеген пайда		2 200 368	1 818 340
Капиталдың жиынтығы		2 254 568	1 872 540
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖӘНЕ КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ		2 276 842	1 899 315

Осы есептердің ажырамас бөлігі осы қаржылық есептіліктің 15–80-парақтарында келтірілген ескертулер болып табылады

Президент

Б.Х. Капышев

Бас бухгалтер

Е.Ю. Мирошникова

**2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жиынтық кіріс туралы
Е С Е П**

мың теңге

Көрсеткіш	Ескерту	2013 жыл	2012 жыл
Көрсетілген қызметтен түскен кірістер	19	1 063 288	879 410
Пайыздық кірістер		55 737	36 652
Өзге кірістер мен шығыстар, нетто	20	106	394
Кірістердің жиынтығы		1 119 131	916 456
Лауазымды тұлғаларға сыйақылар төлеу және қызметкерлерге жұмсалған шығыстар	21	(341 993)	(322 888)
Қаржылық қызметті төлеуге жұмсалған шығыстар	22	(75 523)	(87 296)
Жалдау шығыстары, коммуналдық төлемдер және ғимаратқа көрсетілген қызметтер	23	(85 349)	(82 084)
Амортизациялау шығыстары	24	(19 510)	(20 187)
Корпоративтік кіріс салығынан басқа салықтарды төлеу шығыстары	25	(5 892)	(14 022)
Аудиторлық және консультациялық қызметті төлеу шығыстары	26	(30 995)	(13 185)
Телекоммуникациялық шығыстар	27	(18 765)	(16 184)
Өзге операциялық шығыстар	28	(60 295)	(57 266)
Қауымдастырылған кәсіпорындардағы шығынның үлесі	11	(12 498)	(12 506)
Шығыстар жиынтығы		(650 820)	(625 618)
Салық салғанға дейінгі пайда		468 311	290 838

(соңы – келесі бетте)

2013 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жылға жиынтық
кіріс туралы есеп
(соңы)

Көрсеткіш	Ескерту	2013 жыл	2012 жыл
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	29	(86 283)	(56 928)
Таза пайда		382 028	233 910
Өзге жиынтық кіріс / (шығын)		–	–
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНТЫҒЫ		382 028	233 910

Осы есептердің ажырамас бөлігі осы қаржылық есептіліктің 15–80-парақтарында келтірілген ескертулер болып табылады.

Президент

Б.Х. Капышев

Бас бухгалтер

Е.Ю. Мирошникова

**2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қозғалысы туралы
Е С Е П**

мың теңге

Көрсеткіш	2013 жыл	2012 жыл
Операциялық қызметтен түсетін ақшаның қозғалысы		
Салық салғанға дейінгі пайда	468 311	290 838
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгеріс:	(24 083)	(48 956)
соның ішінде ақшасыз түзету:	(22 620)	(4 005)
есептелген пайыздық кірістер	(55 737)	(36 652)
тозу және амортизация	19 510	20 187
резервтердегі өзгеріс	1 109	(1 113)
қауымдасқан кәсіпорындардағы шығынның үлесі	12 498	12 506
негізгі құралдардың істен шығуынан болған шығын	–	1 067
алынған пайыздық кірістер	65 333	28 709
корпоративтік кіріс салығынан өзге салықтар бойынша міндеттемелердің кемуі	(864)	(168)
сатып алушылардың және жеткізушілердің дебиторлық берешегінің өсуі	(7 276)	(5 839)
берілген аванстардың кемуі/ (ұлғаюы)	16 416	(6 601)
өзге активтердің өсуі	(1 326)	(311)
жеткізушілерге және мердігерлерге берілген кредиторлық берешектің (кемуі)/өсуі	(4 746)	759
төленген табыс салығы	(69 000)	(61 500)
Операциялық қызметтен түскен ақшаның таза ағыны	444 228	241 882

(соңы – келесі бетте)

2013 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жылға ақша
қозғалысы туралы есеп
(соңы)

Көрсеткіш	2013 жыл	2012 жыл
Инвестициялық қызметтен түсетін ақшаның қозғалысы		
Өтелгенге дейін ұсталатын қаржылық активтерді сатып алу	(1 275 863)	(1 905 351)
Қаржылық активтерді өтеуден түскен түсім	671 489	1 408 141
Жинақ шоттарға ақшаны орналастыру	–	(170 000)
Жинақ шоттарды жабудан түскен түсімдер	170 000	–
Негізгі қаражатты сатып алу	(1 593)	(8 078)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(5 689)	(400)
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	–	(58 800)
Инвестициялық қызметтен түсетін ақшаның таза ағыны	(441 656)	(734 488)
Қаржылық қызметтен түсетін ақшаның қозғалысы		
Жарғылық капиталдың өсуі	–	5 600
Қаржылық қызметтен түсетін ақшаның таза ағыны	–	5 600
Ақша және оның баламаларының таза өсуі / (кемуі)	2 572	(487 006)
Жыл басындағы ақша және оның баламалары	105 878	592 884
Жыл соңындағы ақша және оның баламалары	108 450	105 878

Осы есептердің ажырамас бөлігі осы қаржылық есептіліктің 15–80-парақтарында келтірілген ескертулер болып табылады.

Президент

Б.Х. Капышев

Бас бухгалтер

Е.Ю. Мирошникова

**2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер туралы
ЕСЕП**

мың теңге

Көрсеткіш	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	ЖИЫНТЫҒЫ
2011 жылғы 31 желтоқсан	48 600	1 584 430	1 633 030
Бөлінбеген капитал	5 600	–	5 600
Бір жылдық таза пайда	–	233 910	233 910
2012 жылғы 31 желтоқсан	54 200	1 818 340	1 872 540
Бір жылдық таза пайда	–	382 028	382 028
2013 жылғы 31 желтоқсан	54 200	2 200 368	2 254 568

Осы есептердің ажырамас бөлігі осы қаржылық есептіліктің 15–80-парақтарында келтірілген ескертулер болып табылады.

Президент

Б.Х. Капышев

Бас бухгалтер

Е.Ю. Мирошникова

**2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық есептілікке
Е С К Е Р Т У Л Е Р**

1-ескерту. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Орталық депозитарий) 1997 жылғы 16 мамырдағы құрылтай жиналысының шешімімен құрылды және 1997 жылғы 18 шілдеде жабық акционерлік қоғам түрінде тіркелді (Алматы қаласы Әділет басқармасы берген 1997 жылғы 18 шілдедегі мемлекеттік тіркеу туралы № 12301-1910-АО куәлігі).

Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, заң күшіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 шілдедегі № 944 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Орталық депозитарийі туралы ережеге, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы № 221 қаулысымен бекітілген Банктік емес қаржы мекемелері туралы ережеге және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес құрылды.

Қазіргі уақытта Орталық депозитарий Алматы қ. Әділет департаменті заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2005 жылғы 2 ақпанда берген № 12301-1910-АО куәлігінің негізінде іс-әрекет жасайды.

Орталық депозитарий коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Орталық депозитарий 2013 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мына қызмет түрлерін жүзеге асырды:

- депозитарлық қызмет;
- банк операцияларының жекелеген түрлері;
- қаржы құралдары бойынша кірісті төлеу және оларды өтеу жөніндегі төлем агентінің қызметі;
- бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық идентификаторларды беру қызметі;
- "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ акцияларды ұстаушылар тізілімдері жүйесі және мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу қызметі.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 1-бабының 73) тармақшасына сәйкес Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының аумағында депозитарийлік қызметті жүзеге асыратын бірден-бір мамандандырылған коммерциялық емес ұйым болып табылады, осы заңның 45-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерінің бірі депозитарлық қызмет лицензиялауға жатпайды.

(соңы – келесі бетте)

1-ескерту

"Жалпы мәліметтер"

(соңы)

Банк операцияларының жекелеген түрлерін, соның ішінде төлем агенті функцияларын жүзеге асыруды Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің 2006 жылғы 20 қаңтардағы ұлттық және шетел валютасында мына банк операцияларын жүргізуге берілген № 2 лицензияның негізінде жүзеге асырады: заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу; банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және банктердің корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу; аударым операциялары: төлемдер және ақша аударымдары жөніндегі заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау.

Бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық идентификаторларды беру қызметі бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің жеке түрі болып табылмайды, лицензиялауға жатпайды және Орталық депозитарий (ұлттық нөмірлеу агенттігі есебінде) 2010 жылғы 6 қарашадан бастап жүзеге асырады. 2011 жылғы 9 желтоқсанға дейін Орталық депозитарий осы қызметті Ұлттық нөмірлеу агенттігі қауымдастығының (ANNA) серіктесі ретінде 2009 жылғы 6 қарашадағы № 5 серіктестік келісім негізінде жүзеге асырды, ал 2011 жылғы 9 желтоқсаннан бастап осы қызметті осы қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде 2011 жылғы 9 желтоқсандағы оның мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімінің негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін және "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ акцияларды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу қызметі бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің жеке түрі болып табылмайды және Орталық депозитарий "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 80-бабының 3-1-тармағына сәйкес бағалы қағаздар нарығында мемлекеттік реттеу органының лицензиясыз жүзеге асырады.

Орталық депозитарийдің заңды және нақты мекенжайы – 050051, Алматы қаласы, "Самал-1" ы/а, 28.

2013 және 2012 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарий қызметкерлерінің саны 62 адамға жетті және тиісінше 57 адам болды.

2-ескерту.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Бухгалтерлік есеп принциптеріне сәйкестігі

Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – ҚЕХС)², сондай-ақ Орталық депозитарийге³ қолданылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес дайындалады.

Осы қаржылық есептілік 2013 жылғы 31 желтоқсандағы күннің соңында ұсынылды.

Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігі оның қызметінің үздіксіздігі негізінде жасалды, бұл Орталық депозитарийдің кәдімгі режимде өз міндеттемелерін орындайтын және өз активтерін сата алатын қабілеті деп түсініледі. Бұл қабілеттілік, сондай-ақ Орталық депозитарийдің қызметі болашақта Қазақстан Республикасындағы ағымдағы және болашақ экономикалық жағдайдың елеулі ықпалына ұшырауы орын алуы мүмкін.

Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігін дайындау барысында пайдаланылған жорамалдар және олардың негізінде алынған есептеу бағалары оларды өзгерту қажеттілігіне үнемі талдау жасалады. Есептеу бағаларындағы өзгерістер бұл бағалар қайта қаралған есепті кезеңде танылады және бұдан кейінгі кезеңдерде қайта қаралды.

ҚЕХС-ға өзгерістер

Шығарылымға осы қаржылық есептілікті бекіту күніне ҚЕХС жүйесінде мына өзгерістер болды:

- 1) күшіне енген ҚЕХС жаңа редакциялары:
 - IFRS 10 "Шоғырландырылған қаржылық есептілік";
 - IFRS 11 "Бірлескен қызмет";
 - IFRS 12 "Басқа кәсіпорындарға қатысу туралы ақпаратты ашу";
 - IFRS 13 "Әділ құнның бағасы";

(жалғасы – келесі бетте)

² International Accounting Standards (IAS; 2001 жылға дейін қабылданған стандарттар), International Financial Reporting Standards (IFRS; 2001 жылдан кейін қабылданған стандарттар), Standing Interpretations Committee қабылдаған (SIC; 2001 жылға дейін) көрсетілген стандарттардың және оларға түзетулердің интерпретациясы (түсіндіру) (соның ішінде көрсетілген стандарттардың интерпретацияларына (түсіндірулеріне) түзетулер және International Financial Reporting Interpretations Committee (IFRIC; 2001 жылдан кейін) және басқа құжаттар енгізіледі.

³ Осындай нормаларға "Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы заңының, "Салықтар және басқа бюджетке міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің нормалары (Салық кодексі), Қазақстан Республикасы Қаржы министрліктерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұрын – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі) нормативтік құқықтық актілері жатады.

2-ескерту

"Қаржылық есептілікті дайындау негіздері "

(жалғасы)

- IAS 19 "Қызметкерлерге сыйақы";
IAS 27 "Жеке қаржылық есептілік";
IAS 28 "Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар";
- 2) күшіне енген ҚЕХС түзетулер:
IAS 1 "Қаржылық есептілікті ұсыну";
IAS 12 "Пайдаға салынған салық";
IFRS 1 "ҚЕХС бірінші қолдану";
IFRS 7 "Қаржы құралдары: ақпаратты ашу";
- 3) күшіне енбеген ҚЕХС жаңа редакциялары:
IFRS 9 "Қаржы құралдары";
- 4) күшіне енбеген ҚЕХС түзетулер:
IAS 32 "Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну";
IFRS 10 "Шоғырландырылған қаржылық есептілік".

ҚЕХС жаңа редакциялары және күшіне енбеген ҚЕХС түзетулер

1. Жаңа IFRS 10 "Шоғырландырылған қаржылық есептілік" IAS 27 "Жеке қаржылық есептілік", сондай-ақ SIC 12 "Шоғырландыру – арнаулы мақсаттағы кәсіпорындар" келтірілген бақылау мен шоғырландыру жөніндегі осының алдындағы басшылықты ауыстырады.

IFRS 10 инвестор үш мынадай шарттарды сақтау кезінде инвестициялар объектісі – компанияларға бақылаудың болуын таниды:

- 1) инвестордың инвестициялар объектісі – компанияға қатысты өктем өкілеттіктері бар;
- 2) инвестордың құқығы бар / инвестициялар объектісі – компания қызметінің ауыспалы нәтижелері бойынша тәуекелдерге ұшырайды;
- 3) инвестордың компанияға қатысты өктем өкілеттіктерді пайдалану мүмкіндігіне ие – инвестициялық кірістердің шамасына ықпал ету мақсатымен инвестициялар объектісі.

Осы стандарттың ережелерін алғаш рет Орталық депозитарий 2013 жылғы қаржылық есептілікті жасаған кезде қолданды.

(жалғасы – келесі бетте)

2-ескерту

"Қаржылық есептілікті дайындау негіздері"

(жалғасы)

Бұдан өзге, IFRS 10-ға қосымша нұсқаулар енгізілді, мұнда инвестор инвестициялар объектісі – компанияларға бақылау жасайтын жағдайларды қарастырады.

Орталық депозитарийдің "РTPC" ЖШС-не 50 % қатысу үлесі бар, дегенмен "РTPC" ЖШС-не Орталық депозитарийдің бақылауын мойындауға қажет талаптардың бірі де орындалған жоқ. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, "РTPC" ЖШС және Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігін шоғырландыру жүзеге асырылған жоқ, ал Орталық депозитарийдің "РTPC" ЖШС-іне инвестицияларды есепке алу үлестік қатысу әдісі бойынша жүзеге асырылды.

2. Жаңа IFRS 11 "Бірлескен қызмет" IAS 31 "Бірлескен кәсіпкерлікке қатысуды" алмастырады және бірлескен қызмет туралы келісімдерді есепке алуға және жіктеуге қойылатын жаңа талаптарды белгілейді. Атап айтқанда, IFRS 11 "бірлесіп бақыланатын активтер" сияқты келісімдерді жіктеу мүмкіндігін жоққа шығарады және "бірлескен қызмет" немесе "бірлескен кәсіпорын" сияқты жіктеу қажеттілігін айқындайды.

Орталық депозитарий өзінің қаржылық есептілігін дайындау кезінде IFRS 11 қолдануды болжамайды, себебі қазіргі уақытқа дейін ол ешкіммен бірлескен қызметті атқармаған және әрі қарай да бірлесіп жұмыс атқаруға ниетті емес.

3. Жаңа IFRS 12 "Басқа кәсіпорындарға қатысу туралы ақпаратты ашу" қазіргі уақытта "Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар" IAS 28-де бар қауымдастырылған компаниялардағы инвестициялар туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды ауыстырады және шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ақпаратты егжей-тегжейлі ашу қажеттілігін айқындайды.

Осы стандартты 2013 жылғы жылдық қаржылық есептілікті жасаған кезде Орталық депозитарий қолданған жоқ, себебі осы есептілік шоғырландырылған болып табылмайды.

4. Жаңа IFRS 13 "Әділ құнды бағалау" әділ құнды бағалауға жататын активтер мен міндеттемелердің әділ құны бағасының бірыңғай әдістемесін белгілейді, сондай-ақ осындай активтер мен міндеттемелерді жіктеу туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар белгіленеді.

IFRS 13 іс-әрекетінің қолданылу аясы кең: әділ құнды бағалауға қойылатын стандарттың талаптары қаржылық, сондай-ақ қаржылық емес құралдарды қамтиды, бұл қаржы құралдарына қатысты басқа ҚЕХС әділ құнды бағалау пайдалануды талап етеді немесе пайдалануға және мыналарды қоспағанда әділ құнды бағалау бөлігінде ақпаратты ашуға жол береді:

(жалғасы – келесі бетте)

2-ескерту

"Қаржылық есептілікті дайындау негіздері"

(жалғасы)

- IFRS 2 "Акцияларға негізделген төлем" қолданылу аясына қатысты акцияларға негізделген төлем;
- IAS 17 "Жалдау" қолданылу аясына қатысты лизингтік операциялар.

IFRS 13 әділ құнмен салыстырылатын, бірақ әділ құн болып табылмайтын бағаларға қолданылмайды (мәселен, қорларды бағалауға арналған ықтимал сатудың таза бағасына немесе құнсыздануды бағалау мақсатында пайдалану құндылығына).

IFRS 13 әділ құнға сәйкес – активті сатқан кезде алынуы тиіс сома немесе ағымдағы нарықтық жағдайларда бағалау күніне мұндай баға тікелей бақыланатын немесе басқа бағалау әдістемесін пайдалана отырып, есептеу жолымен алынғандығына тәуелсіз негізгі нарықта (немесе анағұрлым пайдалы) кәдімгі мәміленің аясында міндеттемелерді беру барысында төленген сома.

Бұдан өзге, IFRS 13 ақпаратты ашуға басқа талаптар белгілейді.

IFRS 13 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап перспективті қолдануды талап етеді. Бұдан өзге, компанияның жекелеген ауыспалы ережелеріне сәйкес стандарттың осы стандартты қолданудың бастапқы қолдану кезеңдеріне ұсынылатын салыстырмалы ақпаратты ашуға қойылатын талаптарына қолдану міндетті емес.

Осы редакцияны Орталық депозитарий 2013 жылғы қаржылық есептілікті жасаған кезде қолданған, дегенмен бұл қолдану қаржылық есептіліктің көрсеткіштеріне елеулі ықпал көрсеткен жоқ, себебі Орталық депозитарий қандай да бір қаржылық немесе өзге активтер мен міндеттемелерді ескермейді, ал әділ құнды бағалау немесе әділ құнды бағалауды ашу басқа ҚЕХС сәйкес талап етіледі немесе рұқсат етіледі.

5. IAS 19 "Қызметкерлерге сыйақы" жаңа редакциясында қызметтен босарда алатын жәрдемақы мен белгіленген төлемдермен зейнетақы жарналары бойынша шығыстарды тану мен бағалау тәртібі өзгереді, сондай-ақ қызметкерлерге берілетін сыйақылардың барлық түрі туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар өзгертіледі.

Осы редакцияны Орталық депозитарий 2013 жылғы қаржылық есептілікті жасаған кезде қолданды. Сонымен қатар зейнетақы жоспарлары бойынша шығыстарды бағалау мен тану жүзеге асырылған жоқ, себебі Орталық депозитарийде мұндай жоспарлар жоқ. Сыйақының барлық түрлері туралы ақпаратты ашу жөніндегі ақпаратты ашу талаптары сақталынды.

(жалғасы – келесі бетте)

2-ескерту

"Қаржылық есептілікті дайындау негіздері"

(жалғасы)

6. IAS 27 "Жекелеген қаржылық есептілік" жаңа редакциясында осы стандарттың атауы өзгертілді және шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты ережелер алынып тасталды, ал жекелеген қаржылық есептілікке қатысты ережелер өзгеріссіз қалды.

Осы редакцияны Орталық депозитарий 2013 жылғы қаржылық есептілікті жасаған кезде қолданды.

7. Жаңа редакциядағы IAS 28 "Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар" стандарттың атауы өзгертілді және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестицияларды есепке алу тәртібін сипаттау енгізілді, бұл енді қатысу үлесінің әдісі бойынша есептелуі тиіс, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы келісімнің тараптары үшін бірлескен бақылауды жүзеге асырмайтын нұсқаулық енгізілді.

Осы редакцияны Орталық депозитарий 2013 жылғы қаржылық есептілікті жасаған кезде қолданды және бұл редакция Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігіне елеулі ықпал көрсеткен жоқ.

8. "Қаржылық есептілікті ұсыну" IAS 1-ге түзетулер екі санатқа өзге жиынтық кірісті бөлу мүмкіндігін ұсынады: пайдалар мен шығындар құрамына қайта жіктелуі мүмкін емес кірістер және болашақта пайдалар мен шығындар құрамына қайта жіктелуі мүмкін кірістер. Егер компания мұндай бөлу туралы шешім қабылдаса, сондай-ақ салықтар сомасы екі тиісінше санат бойынша көрсетілуі тиіс.

Орталық депозитарийдің 2013 жылы пайдалар мен шығындардың құрамына қайта жіктелуі мүмкін және болашақта пайдалар мен шығындардың құрамына қайта жіктелуі мүмкін кірістері болған жоқ. Тиісінше, Орталық депозитарийдің кірістер мен шығыстары қаржылық есептілікте толық көлемде көрсетілді.

9. "Пайдаға салықтар" IAS 12-ге түзетулер IAS 40 "Жылжымайтын мүлікке инвестициялар" сәйкес әділ құнның үлгісін пайдаланып, жылжымайтын мүлікке инвестицияларды бағалау барысында кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтерін бағалауға практикалық тәсілді ұсынады.

Осы түзетулерді Орталық депозитарий 2013 жылғы қаржылық есептілік жасаған кезде Орталық депозитарийде жылжымайтын мүлікке инвестициялар қолданылған жоқ.

10. "Қаржы құралдары: ақпаратты ашу" IFRS 7-ге түзетулер өзара есепке алу құқығын және ілеспе сенімхаттарды (мысалы, қамтамасыз етуді ұсыну талаптары) беру туралы ақпаратты ашуға қойылатын өзара есепке алу немесе ұқсас сенімхаттар туралы заң аясында орындалатын бас сенімхаттардың аясында қаржы құралдарына қатысты талаптарды кеңейтеді.

(жалғасы – келесі бетте)

2-ескерту

"Қаржылық есептілікті дайындау негіздері"

(жалғасы)

Орталық депозитарий 2013 жылы танылуы тоқтатылмаған активтерді берген жоқ, сондай-ақ оларға қатысты өзара есеп айырысу жүргізілмеді, осыған байланысты жоғарыда көрсетілген кеңейтілген талаптар Орталық депозитарийдің 2013 жылғы жылдық қаржылық есептілігінде қолданылуы мүмкін емес.

Күшіне енгізілмеген ҚЕХС түзетулер мен ҚЕХС жаңа редакциялары

1. Жаңа IFRS 9 "Қаржы құралдары" қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді жіктеу мен бағалау, сондай-ақ оларды тануды тоқтату жөніндегі басқа талаптарды енгізеді.

IAS 39-ға келтірілген қаржы құралдарының анықтамасына сәйкес келетін барлық қаржылық активтер бастапқы танудан не амортизациядан кейін не әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Атап айтқанда, мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарын алу болып табылған бизнес-модельдің аясында ұсталатын қаржы құралдары (негізгі сома мен ол бойынша сыйақы төлеу ғана енгізілетін) амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Барлық өзге қаржылық активтер әділ құн бойынша бағаланады. Бұдан өзге, осы стандартқа сәйкес компания оған тиесілі әділ құнға соңыра өзгерістерді есепке алу шешімінің күші жойылуға жатпайтын және өзге жиынтық кірістің құрамында үлестік құралдарды саудаға шығаруға арналмағанын қабылдай алады. Егер компания осындай шешім қабылдаса, онда пайданың немесе шығынның құрамында осындай қаржы құралдары бойынша дивидендтер танылуы тиіс.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша есептелетіндерге жатқызылатын қаржы міндеттемелері бойынша IFRS 9 сәйкес, осы міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің өзгерістерімен байланысты оның әділ құнын өзгертулер сомасы өзге жиынтық кірісте танылады, егер тек өзге жиынтық кірістің құрамында осы міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің өзгертулер ықпалын тану пайдада немесе шығында есептеу теңгерімсіздігін құруға немесе ұлғайтуға әкелмейді. Қаржы міндеттемелерінің әділ құнын кредиттік тәуекелмен байланысты өзгерту соңыра пайдаға немесе шығынға жіктелінбейді. IAS 39 сәйкес бастапқыда пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетіліп жіктелген қаржы міндеттемелерінің әділ құнын өзгертудің барлық сомасы жиынтық кірістің сомасында танылады.

(соңы – келесі бетте)

2-ескерту

"Қаржылық есептілікті
дайындау негіздері"

(соңы)

Жаңа IFRS 9 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Осы стандартты қолдану әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер мен міндеттемелердің болмауына байланысты, Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігіне елеулі ықпал көрсетпейді.

2. "Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну" IAS 32-ге түзетулер қаржылық активтер мен міндеттемелердің өзара есебіне қатысты талаптарды түсіндіреді. Атап айтқанда, "қолданыстағы заңдық орындау құқығын есепке алу" және "активті біруақытта сату және міндеттемелерді өтеу" деген фразалардың мағынасы түсіндірілді.

IAS 32-ге түзетулер 2014 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігіне осы түзетулердің ықпалы елеусіз болып табылады, себебі Орталық депозитарий өзара есепке алынатын қаржылық активтер мен міндеттемелерді иеленбеген және иеленбейді деп болжанады.

3. IFRS 10 "Шоғырландырылған қаржылық есептілік" түзетулер "инвестициялық компания" деген ұғымға анықтама береді және осы анықтамаға енетін компаниядан өзінің еншілес ұйымдарының есептілігін шоғырландырмауға, өзінің жекелеген және шоғырландырылған қаржылық есептілігінде пайдасы немесе шығыны арқылы әділ құны бойынша бағалауды талап етеді.

Орталық депозитарий инвестициялық компанияларға қойылатын талаптарды анықтайтын түзетулерді қолдануды жоспарламайды, себебі осы аталмыш анықтамаға енбейді.

3-ескерту.

ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ұсыну негіздері

Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігі ҚЕХС сәйкес жасалады.

Өлшем валютасы және есептілікті ұсыну

Орталық депозитарийдің функционалды валютасы және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы қазақстандық теңге болып табылады (бұдан әрі – теңге).

Орталық депозитарийдің шетел валютасындағы операциялары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Валютаны айырбастаудың нарықтық бағамын қолдану және анықтау тәртібін белгілеу туралы" 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен белгіленген тәртіппен анықталатын валютаны⁴ айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалану арқылы функционалдық валюта қайта есептеледі.

Осы қаржылық есептілікті дайындау үшін пайдаланылған валютаны айырбастаудың нарықтық бағамдары төменде келтірілген.

тенге

Валютаның атауы	31.12.13	31.12.12
АҚШ доллары (USD)	154,06	150,74
Еуро (EUR)	212,02	199,22
Ағылшын фунт стерлингтері (GBP)	254,80	243,72
Ресей рублі (RUB)	4,68	4,96

Орталық депозитарийдің шетел валютасындағы операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындаған пайдалары мен шығындары және шетел валютасында көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелерді теңгеде қайтадан есептеу Орталық депозитарийдің жиынтық кіріс туралы есебінде көрсетіледі.

(жалғасы – келесі бетте)

⁴ "Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 12-бабының 1-тармағы 10) тармақшасына сәйкес валютаның айырбастаудың нарықтық курсы – Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының негізгі сессиясында қалыптасқан шетел валютасына теңгенің орташа мөлшерленген биржалық курсы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бухгалтерлік есеп беру және қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп, белгіленген тәртіппен анықталады, сондай-ақ шетел валютасына теңгенің бағамы Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында бухгалтерлік есеп беру және қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілейтін тәртіппен кросс-бағамдарды пайдаланумен есептелетін сауда-саттық жүргізілмейді.

3-ескерту

"Есепке алу саясатының негізгі ережелері"

(жалғасы)

Ақша және оның баламалары

Ақша және оның баламаларына кассадағы ақша, Орталық депозитарийдің меншікті ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы еркін қалдықтар және оның мемлекеттік бағалы қағаздарға салынған инвестициялары енгізіледі.

Орталық депозитарийдің инвестициялары ақшаның баламасы ретінде жіктеледі, егер олар ақшаның белгілі бір сомасына жеңіл айналатын болса, онда құн өзгеруінің елеусіз тәуекеліне ұшырайды және үш айға дейін айналым мерзімі болады.

Жинақ шоттардағы ақша

Орталық депозитарий ақшаны Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Меншікті активтерді инвестициялау саясаты" деген ішкі құжатына сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мерзімді салымдарға инвестициялайды (2010 жылғы 11 маусымдағы № 4 отырыстың хаттамасы).

Депозиттерді бастапқыда Орталық депозитарий әділ құны бойынша таниды және соңыра амортизацияланған құн бойынша бағалайды.

Депозиттердің амортизацияланған құнын Орталық депозитарий тиімді пайыздық ставка әдісін пайдаланып есептейді.

Қаржылық активтер және міндеттемелер

Орталық депозитарий өзінің қаржылық жай-күйі туралы есепте қаржы құралын көрсетеді, ол осы қаржы құралына қатысты шарт бойынша тарап болып табылады.

Орталық депозитарий мемлекеттік бағалы қағаздарға өз инвестициясын өтелгенге дейін ұсталатын инвестиция ретінде жіктейді, бұларды Орталық депозитарий өтелгенге дейін ұстайтын мүмкіндігі және есебі бар. Орталық депозитарий инвестицияларын жіктеу оның Есепке алу саясатына және жоғарыда аталған "Меншікті активтерді инвестициялау саясаты" деген ішкі құжатына сәйкес орындалады.

Қаржы құралдарын бастапқыда Орталық депозитарий әділ құны бойынша таниды және соңыра амортизацияланған құн бойынша бағалайды.

Қаржы құралдарының амортизацияларған құнын Орталық депозитарий тиімді пайыздық ставка әдісін пайдаланып есептейді.

(жалғасы – келесі бетте)

3-ескерту

"Есепке алу саясатының негізгі ережелері"

(жалғасы)

Орталық депозитарий қаржылық активті тануды осы актив бойынша келісім-шарт жөніндегі құқықтарына бақылауды жоғалтқан жағдайда тоқтатады. Осындай жағдай бұл құқықтар сатылған, берілген не күші жойылған кезде орын алады. Орталық депозитарий осы қаржылық міндеттемелерді орындаған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылады.

Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі

Дебиторлық берешек белсенді нарықта баға белгіленбейтін, белгіленген немесе анықталатын төлемдері бар туынды емес қаржылық активтерді білдіреді.

Дебиторлық берешек бастапқыда Орталық депозитарийге әділ құны бойынша көрсетіледі, бұдан әрі қарай – осы берешектің құнсыздануы бойынша резерв сомасын шегергендегі әділ құны бойынша көрсетіледі. Дебиторлық берешектің амортизацияланған құны тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептеледі. Орталық депозитарийдің Қаржылық жағдай туралы есебінде көрсеткен дебиторлық берешегі өтелуге және өндіріп алуға жатады.

Дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервті Орталық депозитарий ол шартпен белгіленген мерзімде тиесілі соманы ала алмауы мүмкін деген объективті куәліктер болған кезде танылады.

Дебиторлық берешекті жіктеу, ол бойынша резервті қалыптастыру, сондай-ақ оларды Орталық депозитарийдің бухгалтерлік есебінде көрсету тәсілі Орталық депозитарий мен дебиторлар арасындағы шарттардың талаптарын өзгертпейді, соның ішінде Орталық депозитарийдің толық көлемде негізгі борыш, айыппұлдар және дебиторлардың шарттардың талаптарын бұзғаны үшін өсімпұл сомасын алу құқығына ықпал етпейді.

Дебиторлық берешекті өндіріп алу мүмкін емес болған жағдайда ол Орталық депозитарий осы берешектің құнсыздануы бойынша резервтің есебінен есептен шығарылады. Дебиторлық берешекті есептен шығару Орталық депозитарийдің басшылығы оны өндіріп алу шараларын қабылдағаннан кейін жүргізіледі. Бұрын есептен шығарылған дебиторлық берешекті кейіннен өтеу осы берешек өтелген кезеңдегі Орталық депозитарийдің жиынтық кіріс туралы есебіндегі оның құнсыздануы бойынша шығыстардың кемуі ретінде көрсетіледі.

Дебиторлық берешекті жіктеуді, ол бойынша резервті қалыптастыруды және оны түзетуді Орталық депозитарий осы жылдың соңғы күнінің соңындағы жағдай бойынша жылына бір рет жүргізеді. Дебиторлық берешектің құнсыздануынан Орталық депозитарийдің шығындары оның жиынтық кіріс туралы есебінде көрсетіледі.

(жалғасы – келесі бетте)

3-ескерту

"Есепке алу саясатының негізгі ережелері"

(жалғасы)

Кредиторлық берешек және өзге міндеттемелер

Кредиторлық берешек және өзге міндеттемелер Орталық депозитарийге оны тану сәтінде әділ құны бойынша ұсынылды.

Қаржылық міндеттеме Орталық депозитарийдің қаржылық жағдайы туралы есебінде егер ол орындалса (өтелсе), күші жойылса немесе қолданылу мерзімі өтіп кетсе танылуын тоқтатады.

Қауымдастырылған кәсіпорындарға салған инвестициялар

Орталық депозитарий "Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға салған инвестициялар" IAS 28 сәйкес өзінің қауымдастырылған кәсіпорны ретінде тәуелді акционерлік қоғам немесе бірлескен кәсіпкерлік объектісі оның еншілес ұйымы болып табылмайтын ұйымды таниды ("бірлескен кәсіпкерлік" ұғымы ретінде "Бірлескен кәсіпкерлікке қатысу" IAS 31 анықталды), бірақ оның қаржылық және операциялық саясатына Орталық депозитарий елеулі ықпал көрсетеді.

Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігінде қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есептеледі.

Орталық депозитарий инвестицияларының құнсыздануынан шеккен шығынды тануды оның қауымдастырылған кәсіпорындары "Активтердің құнсыздануы" IAS 36 талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Қорлар

Қорларды Орталық депозитарий екі шаманың ең азы бойынша танылады – өзіндік құны немесе сатудың ықтимал құны.

Қорлар қозғалысының есебін Орталық депозитарий сандық және ақша бірліктерінде жүргізуді, ал оларды есептен шығару орташа мөлшерленген құн әдісі бойынша жүргізіледі.

Орталық депозитарий қолданған қорларды оның қызметінің барысында есептен шығару тікелей есепті кезеңнің шығыстарына жүргізіледі.

Негізгі құралдар

Орталық депозитарий өзінің негізгі құралы ретінде сатуға арналмаған, ал қызметті көрсету үшін немесе әкімшілік мақсаттар үшін пайдаланылатын және Орталық депозитарийдің бір жылдан кем уақыт ішінде шаруашылық қызметін жүзеге асыру процесінде осындай пайдалануға болжанатын материалдық ресурстарды таниды.

(жалғасы – келесі бетте)

3-ескерту

"Есепке алу саясатының негізгі ережелері"

(жалғасы)

Негізгі құралдар Орталық депозитарий жинақталған амортизацияны шегергенде нақты (бастапқы) құн бойынша ескеріледі. Сонымен қатар негізгі құралдар объектісінің бастапқы құнына осы объектіні салу немесе сатып алу бойынша барлық нақты жұмсалған шығындар енгізіледі. Негізгі құралдар объектісіне қатысты, осылай танылған және тиісінше тәсілмен бағаланған бұдан кейінгі шығындарды, егер Орталық депозитарий мұндай шығындардан осы объектіге қатысты мәселен оның пайдалы қызметінің мерзімін ұлғайту, оның қуатын арттыру немесе оны пайдалану процесінде шығындарды қысқарту арқылы болашақ экономикалық пайдаларды алу ықтималдылығы жоғары болса, Орталық депозитарий оны күрделі шығындар деп таниды және осы объектінің бастапқы құнын ұлғайтады.

Негізгі құралдардың құрамдас ауыстырылған бөліктері есептен шығарылады. Негізгі құралдар объектілерінің техникалық жай-күйін сақтау және сақтау мақсатында өндірілетін негізгі құралдарды жөндеуге және пайдалануға жұмсалатын шығындар осы объектілердің бастапқы құнын көбейтпейді, ал Орталық депозитарий оларды туындау сәтінде ағымдағы шығыстар ретінде танылады (яғни өндірілген есепті кезеңдегі шығындарда көрсетіледі).

Негізгі құралдың таратылу құнын Орталық депозитарий нөлге тең деп таниды. Негізгі құралдардың объектілерін есептен шығарудан түскен пайданы немесе шығынды Орталық депозитарий осы объектілерді есептен шығару шарасы бойынша қаржы құралдарына жатқызады.

Негізгі құралдардың амортизациясын Орталық депозитарий желілік әдіспен (теңдей есептеу әдісі) есептейді. Негізгі құралдарды амортизация мерзімдері олардың пайдалы қызметіне теңдей есептеу мерзіміне жақын, төменде келтірілген.

Негізгі құралдар тобы	Амортизация мерзімі
Машиналар мен жабдық	5 жылдан 10 жылға дейін
Көлік құралдары	7 жыл
Өзге негізгі құралдар	5 жылдан 10 жылға дейін

Негізгі құралдарды Орталық депозитарий олар сатылған жағдайда немесе оларды пайдаланудан болашақ экономикалық пайдаларды алу күтілмейтін жағдайларда есептен шығарады. Негізгі құралдар объектісін сатудан түскен кірісті немесе шығынды Орталық депозитарий осы объектілерді сату бағасы мен оның баланстық құнының арасындағы баға ретінде анықталады. Негізгі құралдардың өзге істен шығуынан болған шығын оның баланстық құнына сәйкес келеді. Негізгі құралдарды есептен шығарудан түскен кіріс немесе шығын тиісінше пайдаға немесе шығынға енгізіледі.

(жалғасы – келесі бетте)

3-ескерту

"Есепке алу саясатының негізгі ережелері"

(жалғасы)

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерді (бағдарламалық қамтамасыз ету, патенттер, лицензиялар) сатып алу жөніндегі Орталық депозитарийдің шығындары капиталдандырылады және желілік әдіспен (теңдей есептеу әдісі) амортизацияланады. Егер Орталық депозитарий материалдық емес активтердің объектісін оның пайдалы қызметін көрсету мерзімінің соңына дейін сатуды жоспарламаса, онда осы объектіні тарату құны нөлге тең деп танылады.

Материалдық емес активтерді Орталық депозитарий жинақталған амортизацияны шегергендегі бастапқы құны бойынша есептеледі.

Материалдық емес активтердің амортизациялау мерзімі оның пайдалы қызметінің есептеу мерзіміне теңдей жақын төменде көрсетіледі.

Материалдық емес активтер тобы	Амортизациялау мерзімі
Лицензиялар	10 жыл
Бағдарламалық қамтамасыз ету	10 жыл

Бағдарламалық қамтамасыз етуді жеке әзірлеуге жұмсалатын шығыстарды Орталық депозитарий материалдық емес активтер ретінде танымайды, себебі осындай бағдарламалық қамтамасыз етудің құнына сенімді баға берілмейді.

Материалдық емес активтерді Орталық депозитарий оларды сатылған не оларды пайдалануден немесе істен шығуынан болашақ экономикалық пайдалар алу күтілмейтін жағдайларда есептен шығарады. Орталық депозитарий осы объектіні есептен шығарудан болған кірістерден түскен таза кірістер мен оның активінің баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталатын материалдық емес активтердің объектісін есептен шығарудан болған кіріс немесе шығын осындай есептен шығару сәтінде пайдаға немесе шығынға енгізіледі.

Табыс салығы

Орталық депозитарий төлейтін корпоративтік кіріс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған деп бөлінеді. Орталық депозитарийдің корпоративтік кіріс салығы бойынша шығыстары осы шығыстар дебет немесе капитал шоттарының кредиті бойынша тікелей көрсетілген жағдайлардан өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Ағымдағы корпоративтік кіріс салығы қолданыстағы салық ставкаларын пайдаланып, оның салық салынатын кірісінен Орталық депозитарий төлейтін күтілетін салықты және корпоративтік кіріс салығының кез келген түзетулерін, оның ішінде осының алдындағы салық кезеңдерін де білдіреді.

(жалғасы – келесі бетте)

3-ескерту

"Есепке алу саясатының негізгі ережелері"

(жалғасы)

Кейінге қалдырылған корпоративтік кіріс салығын Орталық депозитарий активтердің салық базасы мен Орталық депозитарий міндеттемелері және қаржылық есептілікте осы активтер мен міндеттемелердің баланстық сомасы арасындағы барлық уақытша айырмалар бойынша, осындай айырмалардың кему мерзімдерін бақылай алатын және осындай айырмалар жақын болашақта кемімейді деген жағдайларды қоспағанда есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерді Орталық депозитарий міндеттемелердің баланстық әдісін пайдалана отырып есептейді, бұл ретте кейінге қалдырылған корпоративтік кіріс салығы, егер салық салынатын пайданы алу ықтималдығы шегерілетін уақытша айырмалар сомасына кемуі мүмкін жағдайда салық активі ретінде танылады. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерді Орталық депозитарий салық міндеттемелері бойынша есептейді, оларды қолдану есепті күнге қолданыстағы немесе жарияланған (және практика түрінде қабылданған) салықтық ставкалардың негізінде активті сату немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде күтіледі.

Әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралатын кейінге қалдырылған салық активтері немесе міндеттемелерінің баланстық құны.

Жарғылық капитал

Орталық депозитарийдің жарғылық капиталы оның акцияларын орналастырудан алынған жалпы сома ретінде анықталады.

Дивидендтер

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Орталық депозитарий коммерциялық емес ұйым болып табылады және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өз акциялары бойынша дивидендтерді есептемейді және төлемейді.

Жалдау

Жалдаудың талаптары активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды көшіру деп түсініледі, Орталық депозитарий қаржылық жалдау ретінде жіктейді. Жалдаудың барлық өзге түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі.

Операциялық жалдау аясында жүзеге асырылатын жалдау төлемдерін Орталық депозитарий осындай жалдаудың мерзімі ішінде тура тәсіл бойынша жиынтық кіріс туралы есепте көрсетеді.

(жалғасы – келесі бетте)

3-ескерту

"Есепке алу саясатының негізгі ережелері"

(жалғасы)

Шетел валютасындағы операциялар

Шетел валюталарында көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелерді Орталық депозитарий қаржылық есептілік күнінде валютаны айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгеде есептейді. Шетелдік валютадағы операциялар осындай операцияларды жүзеге асыру күнінде валютаны айырбастаудың нарықтық бағамдары бойынша есептеледі.

Шетелдік валюталардағы операцияларды жүзеге асыру күнінде туындайтын Орталық депозитарийдің кірістері немесе шығындары, сондай-ақ шетелдік валюталарда көрсетілген теңгедегі ақша активтері мен міндеттемелерін қайта есептеу нәтижесінде есепті күнге Орталық депозитарийдің жиынтық кіріс туралы есебінде көрсетіледі.

Резервтер

Орталық депозитарий болған оқиғалар нәтижесінде міндеттемелер туындаған немесе ол осындай міндеттемелердің туындауын болжаған жағдайларда өзінің қаржылық есептілігіндегі резервтерді таниды және осы міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдалардың қайтуын талап етілуі ықтимал.

Орталық депозитарий резервті демалыс төлемдеріне және тиісінше әлеуметтік салыққа аударып, есептейді.

Қызметкерлерге төлемдер

Жалақы және оған теңестірілген басқа төлемдерді Орталық депозитарий айына бір рет есептеп, аударады. Жалақыны есептеу үшін негіздеме болып жұмыс уақытын есепке алу табелі, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар, Орталық депозитарийдің қызметкерлерін ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар болып табылады. Орталық депозитарийдің қызметкерлеріне сыйлықақыларды, материалдық көмекті және өзге ұқсас төлемдерді жүзеге асыру Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Орталық депозитарий Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын басшылыққа алып, қызметкерлері үшін олар таңдаған жинақтаушы зейнетақы қорларына жарналарды аударады. Орталық депозитарий қызметкерлерінің зейнетақы қамсыздануымен байланысты өзге міндеттемелері жоқ.

Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Орталық депозитарий күмәнді болып табылмайтын экономикалық пайдаларды алумен қабаттасатын ресурстардың жылыстау мүмкіндігі жағдайларында өз қаржылық есептілігіндегі шартты міндеттемелерді таниды.

Орталық депозитарий экономикалық пайдалардың айтарлықтай ықтималдығы болған жағдайда өзінің қаржылық есептілігіндегі шартты активтерді таниды.

(соңы – келесі бетте)

3-ескерту

"Есепке алу саясатының негізгі ережелері"

(соңы)

Кірісті тану

Орталық депозитарийдің кірістері оның есебінде және қызметті көрсету мен басқа кірістерден алған кірістеріне қаржылық есептілігінде бөлінеді.

Орталық депозитарийдің қызметті көрсетуден алатын кірістері Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" атты ішкі құжатына сәйкес алынатын кірістерден тұрады.

Орталық депозитарийдің қызметті көрсетуден түскен кірісі (операцияның табыс әкелетін кірісін жүзеге асыру) барлық төменде келтірілген шарттар орындалған соң танылады:

- 1) осы кірістің сомасы сенімді бағалануы мүмкін;
- 2) осы операциямен байланысты экономикалық пайдаларды Орталық депозитарийдің алу ықтималдығы бар;
- 3) есепті күндегі жағдай бойынша осы операцияның аяқталу кезеңі сенімді бағалануы мүмкін;
- 4) осы операцияны жүзеге асыру барысында Орталық депозитарийдің шеккен шығындары және осы операцияны аяқтауға қажет шығындар нақты анықталуы мүмкін.

Орталық депозитарийдің өзге кірістері мыналар деп танылады:

- 1) пайыздық кірістері және есепті кезеңнің соңында – валюталық операциялары бойынша оң бағамдық айырмасы;
- 2) негізгі құралдарды сатудан түскен кірістер – осы кірістер туындаған есепті кезеңде;
- 3) кредиторлық берешекті шығынға жазудан түскен кірістер – талап ету мерзімінің аяқталуы бойынша.

Есепті жылғы Орталық депозитарийдің таза кірісі Орталық депозитарий акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес бөлінеді.

4-ескерту.

**ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК
ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАР**

Орталық депозитарий болашақ операцияларға қатысты субъективтік бағалар мен жорамалдарды пайдаланады. Осы бағалар мен пайымдаулар тарихи тәжірибе мен осы жағдайларда негізделген деп есептелетін болашақ оқиғаларды күтуді қоса алғанда басқа факторлар негізінде тұрақты бағаланады. Болашақ нақты нәтижелер осы субъективтік бағалар мен жорамалдардан ерекшеленуі мүмкін. Келесі қаржылық жылы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына материалдық түзетулері елеулі тәуекел бар бағалар мен жорамалдар төменде келтірілген.

Негізгі құралдардың баланстық құны

Орталық депозитарий құралдардың құнсыздануының ішкі және сыртқы белгілерінің болу мәні бойынша өзінің негізгі құралдарына мониторинг жүргізеді.

2013 жыл ішінде және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы активтерге қатысты құнсызданудың қандай да бір белгілері туындамады.

Негізгі құралдардың пайдалы қызметінің мерзімдері

Негізгі құралдарды Орталық депозитарийдің құралдардың пайдалы қызметінің барлық мерзімі ішінде амортизациялайды және құнсыздандырады. Бұл мерзімдер осы активтер пайда әкелетін кезеңге қатысты Орталық депозитарийдің берген бағаларының негізінде анықталады және олардың әрі қарай жарамдылығын анықтау үшін кезең-кезеңмен қайта қаралады.

Табыс салығы

Орталық депозитарий Қазақстан Республикасындағы табыс салығын төлейді және осы салық бойынша қажет резервті анықтау үшін елеулі кәсіби пайымдауды талап етеді. Нәтижесінде Орталық депозитарий өзінің салықтық міндеттемелерін салықты төлемегені үшін қосымша салықтар мен санкциялар туындауы мүмкін бағалаудың негізінде таниды. Осындай міндеттемелерді егер Орталық депозитарий салық декларациясының белгілі бір баптарына дау айтуы мүмкін немесе салық органдарының тексерулерімен толығымен расталмауы мүмкін деп болжаса, ол осы баптарды тиісті тәсілмен негізделген деп есептегеніне қарамастан танылады. Орталық депозитарий салық органы есептеген салық міндеттемелері аудит үшін ашылған барлық жылдар бойынша сенімді болып табылады және өткен жылдардың тәжірибесі мен салық заңнамасының түсіндірмесін қоса алғанда көптеген факторларды бағалауға негізделген деп есептейді. Бұл пікір бағалаулар мен жорамалдарға негізделді және болашақ оқиғалар туралы бірқатар кешенді тұжырымдарды қамтиды. Бұл пікірдің түпкілікті салықтық салдарлары ұсынылған сомалардан ерекшеленетін шамада мұндай айырмашылықтар салық міндеттемелерін бағалау жүргізілген кезеңде салықтар бойынша шығыстарға ықпал етеді.

5-ескерту.

АҚША ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.13	31.12.12
Ақша		
Банктік шоттардағы ақша теңгемен	102 657	101 009
Кассадағы ақша	2 539	1 412
Шетел валюталарындағы банктік шоттардағы ақша	2 195	3 097
Карточкалық шоттардағы ақша	1 055	360
Өзге шоттардағы ақша	4	–
ЖИЫНТЫҒЫ	108 450	105 878

2013 жылғы 31 желтоқсандағы және 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің инвестициялық портфелінде ақша баламасы ретінде жіктелуі мүмкін қаржы құралдары жоқ.

6-ескерту. ЖИНАҚ ШОТТАРДАҒЫ АҚША

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.13	31.12.12
"Банк ЦентрКредит" АҚ депозитіндегі ақша	–	102 173
"Казкоммерцбанк" АҚ депозитіндегі ақша	–	71 766
ЖИЫНТЫҒЫ	–	173 939

"Банк ЦентрКредит" АҚ депозиттік шартының негізгі шарттары:

- шарттың сомасы – 100 000,00 мың теңге;
- сыйақы ставкасы – 4,5 % жылдық;
- шарт қолданысының басталу күні – 2012 жылғы 8 маусым;
- шарт қолданысының аяқталу күні – 2013 жылғы 8 маусым.

"Казкоммерцбанк" АҚ депозиттік шартының негізгі талаптары:

- шарттың сомасы – 70 000,00 мың теңге;
- сыйақы ставкасы – 4,2 % жылдық;
- шарт қолданысының басталу күні – 2012 жылғы 19 сәуір;
- шарт қолданысының аяқталу күні – 2013 жылғы 19 сәуір.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мерзімді салымдарға Орталық депозитарийдің меншікті активтерін инвестициялау Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Меншікті активтерді инвестициялау саясаты" ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады (2010 жылғы 11 маусымдағы № 4 отырыстың хаттамасы).

Жоғарыда көрсетілген депозиттік шарттардың қолданылу мерзімдерінің аяқталуы бойынша Орталық депозитарийдің инвестициялық комитеті екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге меншікті қаражатты инвестициялау туралы шешім қабылданбады.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерде ақшасы жоқ.

7-ескерту.

**САТЫП АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІҢ
ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕГІ**

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.13	31.12.12
Сатып алушылардың және жеткізушілердің дебиторлық берешегі	88 391	82 016
Сатып алушылардың және жеткізушілердің дебиторлық берешегінің құнсыздану резерві	(536)	(1 437)
ЖИЫНТЫҒЫ	87 855	80 579

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алушылардың және жеткізушілердің дебиторлық берешегін құнсыздану резервінде мынадай өзгерістер болды:

- 1) қуыну мерзімінің аяқталуына байланысты, жалпы сомасы 1 171 мың теңге сомасына, соның ішінде "Алан Секьюритис" АҚ бойынша 1 127 мың теңге сомасына, "Алматы Инвестмент Менеджмент" АҚ бойынша 24 мың теңге сомасына және "Валют-транзит банк" АҚ бойынша 20 мың теңге сомасына дебиторлық берешек есептен шығарылды;
- 2) "Алем" басқарушы компаниясы" АҚ бойынша 123 мың теңге сомасына және "Greenwich Capital Management" АҚ бойынша 22 мың теңге сомасына сатып алушылардың дебиторлық берешегінің құнсыздануына резерв құрылды;
- 3) шарт міндеттемелерін орындамаған жеткізушілердің дебиторлық берешегінің құнсыздануына, атап айтқанда "Оспанов" ЖК бойынша 47 мың теңге сомасына, "Аймухаметов" ЖК бойынша 39 мың теңге сомасына, "SIS TECH" ЖК бойынша 32 мың теңге сомасына және "Абайбекова К.Д." ЖК бойынша 7 мың теңге сомасына резерв құрылды.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алушылардың және жеткізушілердің дебиторлық берешегінің құнсыздану резервіне Орталық депозитарийдің мынадай қарсы агенттерінің берешегі бойынша есептелген резервтер енгізіледі:

- "Алем" Басқарушы компаниясы" АҚ – 378 мың теңге;
- "Оспанов" ЖК – 47 мың теңге;
- "Аймухаметов" ЖК – 39 мың теңге;
- "SIS TECH" ЖК – 32 мың теңге;
- "Greenwich Capital Management" АҚ – 22 мың теңге;
- "General Asset Management" ЖШС – 7 мың теңге;
- "К.Д. Абайбеков" ЖК – 7 мың теңге;
- "Vostok Capital" АҚ – 4 мың теңге.

(соңы – келесі бетте)

7-ескерту

"Сатып алушылардың және жеткізушілердің дебиторлық берешегі"

(соңы)

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алушылардың және жеткізушілердің дебиторлық берешегінің құнсыздану резервіне Орталық депозитарийдің мынадай байланыс үзіліп қалған бұрынғы клиенттеріне есептелген резервтер енгізіледі:

- "Алан Секьюритис" АҚ – 1 127 мың теңге;
- "Алматы Инвестмент Менеджмент" АҚ – 24 мың теңге;
- "Алем" Басқарушы компаниясы" – 255 мың теңге;
- "Валют-транзит банк" АҚ – 20 мың теңге;
- "General Asset Management" ЖШС – 7 мың теңге;
- "Vostok Capital" АҚ – 4 мың теңге.

8-ескерту. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.13	31.12.12
Қысқа мерзімді активтерді жеткізуге берілген аванстар	9 467	27 991
Алдын ала төленген салықтар	2 716	608
ЖИЫНТЫҒЫ	12 183	28 599

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарий берген аванстардың құрамы төменде келтірілген.

мың теңге

Дебитор	Авансты тағайындау	Сомасы
"Оспанов Кайрат Бакытович" ЖК	Үй-жайларға жалдауға кепіл жарнасы	4 180
"ИнфоТех&Сервис" ЖШС	"Параграф" ақпараттық жүйесіне ілеспе қызмет көрсету	2 300
"Делойт" ЖШС	Аудиторлық қызметті алдын ала төлеу	1 980
Өзге жеткізушілер	Түрлі	1 007
ЖИЫНТЫҒЫ		9 467

* Жалдау шартының талаптарына сәйкес Орталық депозитарий жалға берушіге айлық жалдау төлемі мөлшерінде өтелетін кепілдік берілген соманы беруге міндетті.

(соңы – келесі бетте)

8-ескерту

"Берілген аванстар"

(соңы)

Орталық депозитарийдің 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берген аванстарының құрамы салыстыру үшін төменде берілген.

мың теңге

Дебитор	Авансты тағайындау	Сомасы
Thomas Murray Ratings Limited	Гэп-анализді жүргізу және Орталық депозитарийге жария рейтингті беру	6 471
"Нефтяная страховая компания" АҚ	Ерікті медициналық сақтандыру шарты бойынша алдын ала төлем	6 255
"Business Applications Solutions" ЖШС	Oracle бағдарламалық қамтамасыз етуге ілеспе қызмет көрсету	5 369
"Оспанов Кайрат Бакытович" ЖК	Үй-жайларды жалдауға кепілдік берілген жарна *	3 800
"Марш (Риск Консалтинг)" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	Орталық депозитарий қызметінің үзіліссіздігін басқару жүйесін әзірлеу және енгізу	2 980
"Делойт" ЖШС	Аудиторлық қызметке алдын ала төлем жасау	1 882
Өзге жеткізушілер	Түрлі	1 234
ЖИЫНТЫҒЫ		27 991

* Жалдау шартының талаптарына сәйкес Орталық депозитарий жалға берушіге айлық жалдау төлемінің мөлшерінде өтелетін кепілдік берілген соманы беруге міндетті.

9-ескерту.

ӨТЕЛГЕНГЕ ДЕЙІН ҰСТАЛАТЫН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

мың теңге

Бағалы қағаздың түрі	31.12.13	31.12.12
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕУКАМ)	1 264 695	448 160
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕОКАМ)	534 301	422 773
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕККАМ)	–	81 452
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің ноттары	–	248 322
ЖИЫНТЫҒЫ	1 798 996	1 200 707

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің инвестициялық портфелінде мына өтелгенге дейін ұсталатын ретінде жіктелген қаржы құралдары (тек мемлекеттік бағалы қағаздар) болды:

- МЕУКАМ 5,0 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2020 жылғы 23 мамырдағы өтеммен (247 163 мың теңге сомасына);
- МЕУКАМ 4,93 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2022 жылғы 9 маусымдағы өтеммен (89 066 мың теңге сомасына);
- МЕУКАМ 4,48 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2018 жылғы 13 маусымдағы өтеммен (111 869 мың теңге сомасына);
- МЕОКАМ 4,8 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2015 жылғы 13 тамыздағы өтеммен (155 041 мың теңге сомасына);
- МЕОКАМ 5,5 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2017 жылғы 23 қазандағы өтеммен (102 702 мың теңге сомасына);
- МЕУКАМ 4,5 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2018 жылғы 21 тамыздағы өтеммен (149 277 мың теңге сомасына);
- МЕУКАМ 6,0 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2016 жылғы 7 қазандағы өтеммен (125 527 мың теңге сомасына);
- МЕОКАМ 5,0 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2015 жылғы 20 мамырдағы өтеммен (102 737 мың теңге сомасына);

(соңы – келесі бетте)

9-ескерту

"Өтелгенге дейін ұсталатын қаржы құралдары"

(соңы)

- МЕУКАМ 6,0 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2019 жылғы 5 қазандағы өтеммен (155 153 мың теңге сомасына);
- МЕОКАМ 5,5 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2017 жылғы 23 қазандағы өтеммен (102 975 мың теңге сомасына);
- МЕУКАМ 6,0 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2019 жылғы 5 қазандағы өтеммен (102 948 мың теңге сомасына);
- МЕУКАМ 5,0 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2021 жылғы 23 тамыздағы өтеммен (283 692 мың теңге сомасына);
- МЕОКАМ 3,1 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2014 жылғы 14 қыркүйектегі өтеммен (70 846 мың теңге сомасына).

Салыстыру үшін: Орталық депозитарийдің инвестициялық портфелінде 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелгенге дейін ұсталып, жіктелетін мынадай қаржы құралдары болды (тек мемлекеттік бағалы қағаздар):

- МЕУКАМ 5,0 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2020 жылғы 23 мамырдағы өтеммен (247 212 мың теңге сомасына);
- МЕУКАМ 4,93 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2022 жылғы 9 маусымдағы өтеммен (89 076 мың теңге сомасына);
- МЕУКАМ 4,48 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2018 жылғы 13 маусымдағы өтеммен (111 872 мың теңге сомасына);
- МЕОКАМ 4,8 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2015 жылғы 13 тамыздағы өтеммен (156 394 мың теңге сомасына);
- МЕОКАМ 8,7 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2013 жылғы 3 желтоқсандағы өтеммен (266 379 мың теңге сомасына);
- МЕККАМ 2,04 % жылдық купондық сыйақы ставкасымен және 2013 жылғы 4 шілдедегі өтеммен;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2013 жылғы 14 маусымдағы өтеммен дисконттық ноттары.

10-ескерту. ӨЗГЕ АКТИВТЕР

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.13	31.12.12
Запастар	5 395	3 693
Болашақ кезеңдердің шығыстары	234	610
ЖИЫНТЫҒЫ	5 629	4 303

11-ескерту.

**ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КӘСПОРЫНДАРҒА
САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

мың теңге

Көрсеткіш	Сомасы
"РТРС" ЖШС-ға инвестициялар	
2011 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық күн	140 477
Шығындағы үлес	(1 665)
2012 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық күн	138 812
Шығындағы үлес	(87)
2013 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық күн	138 725
"Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеуші" АҚ инвестициялар	
2011 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық күн	–
Акцияларды сатып алу	58 800
Шығындағы үлес	(10 841)
2012 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	47 959
Шығындағы үлес	(12 411)
2013 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	35 548
2013 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құнның жиынтығы	174 273

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы № 170 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесінің 30-тармағын орындау мақсатында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ және Орталық депозитарий "РТРС" ЖШС құрды, оның қызметінің негізгі мәні өз құрылтайшыларының резервтік сауда және есеп айырысу орталығының функцияларын жүзеге асыру болып табылады, сондай-ақ оларға шаруашылық (қосалқы) мақсаттағы өзге қызметтерді көрсету болып табылады. Орталық депозитарийдің "РТРС" ЖШС жарғылық капиталындағы үлесі – 50 %.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 64-1-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарий 2012 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі құрған "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ акциясын сатып алды.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ жалпы орналастырылған акциялар санындағы үлесі 7,95 % құрады.

12-ескерту. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

мың теңге

Көрсеткіш	Машиналар мен жабдық	Көлік құралдары	Басқа негізгі қаражат	ЖИЫНТЫҒЫ
БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ				
2011 жылғы 31 желтоқсан	69 410	17 716	38 246	125 372
Түсімі	5 052	–	3 026	8 078
Істен шығу	(4 508)	–	(4 050)	(8 558)
2012 жылғы 31 желтоқсан	69 954	17 716	37 222	124 892
Түсімі	597	–	996	1 593
Істен шығу	(14 370)	(2 929)	(1 962)	(19 261)
2013 жылғы 31 желтоқсан	56 181	14 787	36 256	107 224
ЖИНАҚТАЛҒАН ТОЗУ				
2011 жылғы 31 желтоқсан	31 000	5 660	13 556	50 216
Есептелді	10 847	2 658	4 815	18 320
Істен шығумен байланысты есептен шығарылды	(4 508)	–	(2 983)	(7 491)
2012 жылғы 31 желтоқсан	37 339	8 318	15 388	61 045
Есептелді	10 446	2 506	4 610	17 562
Істен шығумен байланысты есептен шығарылды	(14 370)	(2 929)	(1 962)	(19 261)
2013 жылғы 31 желтоқсан	33 415	7 895	18 036	59 346
БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ				
2011 жылғы 31 желтоқсан	38 410	12 056	24 690	75 156
2012 жылғы 31 желтоқсан	32 615	9 398	21 834	63 847
2013 жылғы 31 желтоқсан	22 766	6 892	18 220	47 878

Негізгі құралдардан өзге, жоғарыда көрсетілген бастапқы және баланстық құнды Орталық депозитарий толық амортизацияланған негізгі құралдарды пайдаланады. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің баланстан тыс есебінде 24 985 мың теңге сомасына негізгі қаражат есептеледі (2012 жылғы 31 желтоқсан – 5 724 мың теңге).

13-ескерту. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

мың теңге

Көрсеткіш	Лицензиялар	БҚ*	ЖИЫНТЫҒЫ
БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ			
2011 жылғы 31 желтоқсан	1 918	38 865	40 783
Түсімі	25	375	400
Істен шығу	–	–	–
2012 жылғы 31 желтоқсан	1 943	39 240	41 183
Түсімі	141	5 548	5 689
Істен шығу	–	(390)	(390)
2013 жылғы 31 желтоқсан	2 084	44 398	46 482
ЖИНАҚТАЛҒАН ТОЗУ			
2011 жылғы 31 желтоқсан	1 008	9 597	10 605
Есептелді	183	1 684	1 867
Істен шығумен байланысты есептен шығарылды	–	–	–
2012 жылғы 31 желтоқсан	1 191	11 281	12 472
Есептелді	193	1 755	1 948
Істен шығумен байланысты есептен шығарылды	–	(391)	(391)
2013 жылғы 31 желтоқсан	1 384	12 645	14 029
БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ			
2011 жылғы 31 желтоқсан	910	29 268	30 178
2012 жылғы 31 желтоқсан	752	27 959	28 711
2013 жылғы 31 желтоқсан	700	31 753	32 453

* БҚ – бағдарламалық қамтамасыз ету.

Бастапқы және баланстық құны жоғарыда көрсетілген материалдық емес активтерден өзге Орталық депозитарий толық амортизацияланған материалдық емес активтерді пайдаланады. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің баланстан тыс есебінде 4 450 мың теңге сомасына материалдық емес активтер есептеледі (2012 жылғы 31 желтоқсан – 4 061 мың теңге).

14-ескерту.

**ЖЕТКІЗУШІЛЕРГЕ ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛЕРГЕ
КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткізушілерге және мердігерлерге Орталық депозитарийдің кредиторлық берешегі 3 824 мың теңге (2012 жылғы 31 желтоқсанда – 8 570 мың теңге) болды.

15-ескерту.

**САЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ТӨЛЕНУГЕ
ТИІС ТӨЛЕМДЕР (КОРПОРАТИВТІК КІРІС САЛЫҒЫНАН
ӨЗГЕ)**

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.13	31.12.12
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік кіріс салығы	–	851
Міндетті зейнетақы аударымдары	–	13
ЖИЫНТЫҒЫ	–	864

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолда бар Орталық депозитарийдің барлық салыққа берешегі 2013 жылғы қаңтарда бюджетке төлемдерді жүзеге асыру арқылы өтелген болатын.

16-ескерту. РЕЗЕРВТЕР

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісінше әлеуметтік салық пен демалыс төлемдеріне жасалған Орталық депозитарийдің резервтері 18 450 мың теңге (2012 жылғы 31 желтоқсанда – 17 341 мың теңге) болды.

17-ескерту. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Орталық депозитарийдің жарияланған жай акцияларының саны 300 дана болды, оның ішінде 2013 жылғы 31 желтоқсанда номиналды құны 200 мың теңге 271 акция (2012 жылғы 31 желтоқсанда – 271 акция) орналастырылды.

Орталық депозитарий акционерлерінің құрамы 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төменде келтірілді.

Акционер	Акционерге тиесілі акциялар саны, дана	Акционерге орналастырылған акциялардың жалпы санындағы тиесілі акциялардың үлесі %
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және "Қазақстан қор биржасы" АҚ		
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	149	54,98
"Қазақстан қор биржасы" АҚ	94	34,69
Барлығы	243	89,67
Өзге акционерлер		
"Банк ЦентрКредит" АҚ	2	0,74
"ҚАЗАҚСТАН-ЗИРААТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНКІ" ЕБ" АҚ	2	0,74
"Казкоммерцбанк" АҚ	2	0,74
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	2	0,74
"Казкоммерц Секьюритиз" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы)	2	0,74
"Greenwich Capital Management" АҚ ("Гринвич Капитал Менеджмент")	2	0,74
"QAZAQ BANKI" АҚ	2	0,74
"АТФБанк" АҚ	1	0,37
"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ	1	0,37
"БТА Банк" АҚ	1	0,37
"Альфа-Банк" еншілес банкі" АҚ	1	0,37
"RBS (Kazakhstan)" еншілес банкі" АҚ	1	0,37
"Kaspi Bank" АҚ	1	0,37
"Эксимбанк Казахстан" АҚ	1	0,37
"Сбербанк России" АҚ Еншілес банкі	1	0,37

(соңы – келесі бетте)

17-ескерту

"Жарғылық капитал"

(соңы)

Акционер	Акционерге тиесілі акциялар саны, дана	Акционерге орналастырылған акциялардың жалпы санындағы тиесілі акциялардың үлесі %
"Темірбанк" АҚ	1	0,37
"Алматы Инвестмент Менеджмент" АҚ	1	0,37
"VISOR Capital" АҚ (ВИЗОР Капитал)	1	0,37
"БТА Банк" АҚ-ның еншілес ұйымы "БТА Секьюритис" АҚ	1	0,37
"Сентрас Секьюритиз" АҚ	1	0,37
"НОМЕВРОКЕР" АҚ	1	0,37
Барлығы	28	10,33
ЖИЫНТЫҒЫ	271	100,00

18-ескерту.

ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.13		31.12.12	
	BV*	FV*	BV	FV
Ақша	108 450	108 450	105 878	105 878
Жинақ шоттарындағы ақша	–	–	173 939	173 939
Сатып алушылардың және жеткізушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	87 855	87 855	80 579	80 579
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕУКАМ)	1 264 695	1 212 349	448 160	414 038
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕОКАМ)	534 301	527 144	422 773	418 165
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕККАМ)	–	–	81 452	81 401
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары	–	–	248 322	247 573
ЖИЫНТЫҒЫ	1 995 301	1 935 798	1 561 103	1 521 573

* BV – баланстық құны, FV – әділ құны.

Орталық депозитарий қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін және ол бойынша ақпаратты ашу үшін келесі иерархиялық бағалау модельдерінің құрылымын пайдаланады:

- 1-деңгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша бақыланатын нарықтық ақпаратқа тікелей негізделетін бағалау үлгілері;
- 2-деңгей: есептілікте көрсетілген бақыланатын нарықтық ақпаратқа тура немесе жанама негізделетін әділ құн сомасына елеулі ықпал ететін бастапқы деректер пайдаланылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей: есептілікте көрсетілген бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құн сомасына елеулі ықпал ететін бастапқы деректер пайдаланылатын бағалау үлгілері.

(соңы – келесі бетте)

18-ескерту

"Қаржы құралдарының әділ құны"

(соңы)

Орталық депозитарийге ақша тек теңгеде және еркін айырбасталатын валюталарда тиесілі, бұл олардың әділ құн ретінде баланстық құнын пайдалануға мүмкіндік береді.

Орталық депозитарийдің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің әділ құны сондай-ақ оның баланстық құнынан ерекшеленбейді, себебі ол Орталық депозитарийдің кәдімгі қызметінің барысында құрылды және жақын болашақта өтелетін болады.

Орталық депозитарийдің инвестициялық портфелінің құрамына кіретін және өтелгенге дейін ұсталатын мемлекеттік бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған қор нарығында айналыста жүреді, бұл әділ құны ретінде осындай бағалы қағаздардың биржалық баға белгілерін пайдалануға мүмкіндік береді. Осындай тәсілмен анықталған бағалы қағаздардың әділ құны олардың баланстық құнынан елеусіз ерекшеленеді.

19-ескерту.

КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

мың теңге

Кірістердің бабы	2013 жыл	2012 жыл
Депозитарлық қызметті жүзеге асырудан түсетін кірістер	1 055 253	865 734
Басқа қаржы құралдарына және бағалы қағаздарға халықаралық сәйкестендіргіштерді беру жөніндегі қызметті жүзеге асырудан түскен кірістер	2 240	9 398
Басқа қызметті көрсетуден түсетін кірістер	5 795	4 278
ЖИЫНТЫҒЫ	1 063 288	879 410

Депозитарлық қызметті жүзеге асырудан түскен кірістердің ұлғаюы "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ ұсынатын және шотты жүргізуге берілген тарифтерді есептеу үшін база болып табылатын бағалы қағаздардың номиналды құны туралы ақпаратты нақтылаумен байланысты.

20-ескерту.

БАСҚА КІРІСТЕР ЖӘНЕ ШЫҒЫСТАР, НЕТТО

мың теңге

Кірістердің/шығыстардың баптары	2013 жыл	2012 жыл
Бағамдық айырмадан (шығыстар)/кірістер	(20)	503
Өзге кірістер/(шығыстар)	126	(109)
ЖИЫНТЫҒЫ	106	394

21-ЕСКЕРТУ. ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА СЫҒАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫСТАР

Орталық депозитарийдің лауазымды тұлғаларына Директорлар кеңесінің мүшелері, сондай-ақ Орталық депозитарий Басқармасының мүшелері жатады.

Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшелігіне берілетін сыйақыны Орталық депозитарийдің тәуелсіз директорлары Ш.Р. Айнабаева, А.М. Жолдасбеков және Ж.Б. Курманов алады. Аталған сыйақы 2010 жылғы 15 шілдедегі Орталық депозитарий акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен (№ 2 хаттама) бекітілген "Тәуелсіз директорларға – Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және олардың шығыстарын өтеу ережесі" атты ішкі құжатына сәйкес төленеді.

Орталық депозитарийдің Басқарма мүшелері Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген мөлшерде лауазымдық жалақылар мен сыйлықақылар алады.

Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесі Комитетінің аудит жөніндегі мүшесі – Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің құрамына кірмейтін сыртқы сарапшысы және Орталық депозитарийдің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болып табылмайтын Д.Д. Елеуқенов 2013 жылғы 18 қыркүйектен бастап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешіміне (2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 12 отырыстың хаттамасы) сәйкес аталған комитеттің мүшесі ретінде сыйақы алды. Аталған сыйақы Орталық депозитарийдің бюджетінде және қаржылық есептілігінде консультациялық қызметке төлем ретінде көрсетілді (осы қаржылық есептіліктің 26-ескертуі).

Сондай-ақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесі Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесіне бағынышты және/немесе есеп беретін басшыларға және бөлімше қызметкерлеріне, Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және/немесе есеп беретін қызметкерлерінің лауазымды сыйақылары мен жалақыларының мөлшерлеріне қатысты шешім қабылдайды. Осындай тұлғаларға Орталық депозитарийдің корпоративтік хатшысы Е.М. Чередниченко және Орталық депозитарийдің Ішкі аудит қызметінің аудитору М.Р. Бахамов жатады.

Орталық депозитарийдің өзге қызметкерлеріне жалақыны есептеу оның штаттық кестесінің негізінде және Директорлар кеңесі бекітетін Орталық депозитарийдің жылдық бюджетіне сәйкес жүзеге асырылады.

(жалғасы – келесі бетте)

21-ескерту

"Қызметкерлерге және лауазымды тұлғаларға сыйақы төлеуге жұмсалған шығыстар"

(жалғасы)

Орталық депозитарийдің қызметкерлеріне жұмсалған шығыстар сомасы және оның лауазымды тұлғаларына төленген сыйақы төмендегі кестеде ұсынылды.

мың теңге

Кірістердің баптары	2013 жыл	2012 жыл
Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшелеріне төлем жасау		
Ай сайынғы сыйақылар	13 264	13 797
Жылдық сыйақылар	5 994	7 013
Барлығы	19 258	20 810
Орталық депозитарийдің Басқарма мүшелеріне төлем жасау		
Лауазымдық еңбекақылар және сыйлықақылар	35 576	39 263
Аса маңызды жұмыстарды орындағаны үшін сыйлықақылар	–	649
Материалдық көмек*	1 805	162
Жылдық сыйлықақылар	12 168	12 496
Барлығы	49 549	52 570
Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және есеп беретін Орталық депозитарийдің қызметкерлеріне төлем жасау**		
Лауазымдық еңбекақылар және сыйлықақылар	10 197	9 768
Аса маңызды жұмыстарды орындағаны үшін сыйлықақылар ***	140	–
Материалдық көмек	173	324
Жылдық сыйлықақылар	659	841
Барлығы	11 169	10 933
Орталық депозитарийдің өзге қызметкерлеріне төлем жасау		
Лауазымдық еңбекақылар және сыйлықақылар	204 123	182 828
Аса маңызды жұмыстарды орындағаны үшін сыйлықақылар	1 854	956
Материалдық көмек	1 039	2 103
Жылдық сыйлықақылар	23 457	22 876
Барлығы	230 473	208 763
Глеспе шығыстар		
Әлеуметтік салық бойынша шығыстар	25 292	24 201
Әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар	6 252	5 611
Барлығы	31 544	29 812
ЖИЫНТЫҒЫ	341 993	322 888

(соңы – келесі бетте)

21-ескерту

"Қызметкерлерге және лауазымды тұлғаларға сыйақы төлеуге жұмсалған шығыстар"

(соңы)

- * Орталық депозитарийдің қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына материалдық көмек Орталық депозитарий Директорлар кеңесінің шешімімен (2011 жылғы 1 сәуірдегі № 3 отырыстың хаттамасы) бекітілген "Материалдық, қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету саясаты" атты ішкі құжатына сәйкес көрсетіледі.
- ** Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және/немесе есеп беретін Орталық депозитарийдің бөлімше басшыларына және қызметкерлеріне Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және/немесе есеп беретін Орталық депозитарийдің қызметкерлеріне.
- *** Аса маңызды жұмыстарды орындағаны үшін сыйлықақы Орталық депозитарий Басқармасының Орталық депозитарийге Thomas Murrey жария рейтингін беру жөніндегі жобаны іске асыруға белсенді қатысқан Орталық депозитарийдің жекелеген қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы шешіміне (2013 жылғы 9 желтоқсандағы № 95 отырыстың хаттамасы) сәйкес төленеді.

22-ескерту.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТӨЛЕУГЕ ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

мың теңге

Шығыстардың баптары	2013 жыл	2012 жыл
Халықаралық депозитарийлердің қызметін төлеу		
Депозитарлық қызметті төлеу	43 355	58 177
Депозитарлық қолхаттар эмитентінің қызметін төлеу	18 020	11 256
Барлығы	61 375	69 433
Басқа қаржылық қызметті төлеу		
"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкаралық есептеулерінің қазақстандық орталығы" РМК қызметін төлеу	11 619	9 818
Басқа елдердің орталық депозитарийлерінің қызметін төлеу	1 482	1 224
Орталық депозитарий брокерінің қызметін төлеу	932	283
Тіркеушілердің қызметін төлеу	115	6 538
Барлығы	14 148	17 863
ЖИЫНТЫҒЫ	75 523	87 296

Депозитарлық қызметті төлеу жөніндегі шығыстардың кемуі Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған және Орталық депозитарийдің номиналды ұстауындағы қаржы құралдарының жалпы көлемінің кемуімен, сондай-ақ халықаралық депозитарийлер тарифтері бөлігінің төмендеуімен байланысты.

Депозитарлық қолхаттар эмитенті қызметін төлеу жөніндегі шығыстардың ұлғаюы Орталық депозитарийдің номиналды ұстауындағы депозитарлық қолхаттар көлемінің өсуімен байланысты.

Тіркеушілердің қызметін төлеу бойынша шығыстардың кемуі Қазақстан Республикасының аумағында бірден-бір тіркеуші "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ болды, оның тарифтерінде номиналды ұстаушының шотын жүргізуге алатын төлемді өндіру көзделмеген.

Орталық депозитарий брокерінің қызметін төлеу бойынша шығыстардың өсуі қаржы құралдарын сатып алу барысында "Қазақстан қор биржасы" АҚ комиссиялық алымдарын төлеумен байланысты.

23-ескерту.

**ЖАЛДАУ ШЫҒЫСТАРЫ, КОММУНАЛДЫҚ ТӨЛЕМДЕР
ЖӘНЕ ҒИМАРАТТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

мың теңге

Шығыстардың баптары	2013 жыл	2012 жыл
Үй-жайларды жалдау		
Негізгі офистің үй-жайларын жалдау	53 680	57 298
"РТРС" ЖШС ғимаратындағы резервтік орталықтың үй-жайларын жалдау	11 095	11 590
Уақытша резервтік орталықтың үй-жайларын жалдау	–	115
Барлығы	64 775	69 003
Коммуналдық төлемдер және ғимараттарға қызмет көрсету		
Негізгі офисте коммуналдық қызметті және оған қызмет көрсетуді төлеу	15 633	8 542
"РТРС" ЖШС ғимаратындағы резервтік орталықтағы коммуналдық қызметті төлеу	4 941	4 446
Уақытша резервтік орталықтың коммуналдық қызметін төлеу	–	93
Барлығы	20 574	13 081
ЖИЫНТЫҒЫ	85 349	82 084

2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы негізгі офистің үй-жайын жалдау жөніндегі шығыстардың кемуін Орталық депозитарийдің 2012 жылы жаңа мына мекенжайдағы Алматы қ., "Самал-1" ы/а, 28-офистік ғимаратына көшуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар Алматы қаласы, Достық даңғылы, 291/3а мекенжайында орналасқан ғимаратты жалдау жөніндегі шарт талаптарына сәйкес Орталық депозитарий қосымша алаңды (2 087,00 м²) 2012 жылғы 4 шілде мен 2012 жылғы 5 тамыз аралығындағы кезеңде жалдауға мәжбүр болған еді.

2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы коммуналдық қызметті және ғимаратқа күтім жасау жөніндегі қызметті төлеу жөніндегі шығыстардың өсуі Орталық депозитарийдің жаңа офистік ғимаратқа көшуімен байланысты осы қызметті төлеу тәртібінің өзгеруімен түсіндіріледі. Бұрын коммуналды қызметті және ғимаратқа күтім жасау қызметін төлеу жөніндегі шығыстар жалдау құнына енгізілген болатын.

2012–2013 жылдардағы "РТРС" ЖШС ғимаратындағы резервтік орталықтың коммуналдық қызметін төлеу электр энергиясын, байланыс қызметін, электр энергиясының берілуі тоқтаған кезде дизель-генератордың жұмысына пайдаланатын дизельдік отын құнын өтеу жөніндегі шығыстардан жинақталды.

2012 жылы уақытша резервтік орталыққа коммуналдық қызметті төлеу 2012 жылғы 1 қаңтар – 30 сәуір аралығындағы кезеңде күзет қызметін, үй-жайды жинауды және оған қызмет көрсетуді төлеу шығыстарынан құралды.

(соңы – келесі бетте)

23-ескерту

"Жалдау, коммуналды төлемдер және ғимаратты күту шығыстары"

(соңы)

Негізгі офистің үй-жайларын жалдау жөніндегі шығыстарды талдау, Орталық депозитарийдің негізгі офисіндегі коммуналды қызметті төлеу және осы офистің ғимаратына қызмет көрсету жөніндегі қызмет келесі кестеде келтірілген:

мың теңге

Шығыстардың баптары	2013 жыл	2012 жыл
Алматы қ., Достық к-сі, 291/3а мекенжайы бойынша негізгі офистің шығыстары		
Негізгі офистің үй-жайын жалдау (783,65 м ²)*	–	26 663
Қалған үй-жайларды жалдау (2 087,00 м ²)**	–	7 771
2012 жылғы 4 шілде мен 5 тамыз аралығындағы кезеңде іс-әрекет еткен 2012 жылғы 3 шілдедегі № 26/12-Р жалдау шартына сәйкес коммуналды қызметті төлеу жөніндегі жалға берушінің шығыстарын өтеу.	–	2 080
Барлығы	–	36 514
Алматы қ., "Самал-1" ы/а, 28-үй мекенжайы бойынша негізгі офистің шығыстары		
Негізгі офистің үй-жайын жалдау (1 187,10 м ²)	53 680	22 864
Күзет қызметін төлеу шығыстары	6 120	4 816
Үй-жайларды жинау және оларды күту қызметін төлеу шығыстары	5 710	1 646
Коммуналды қызметті төлеу жөніндегі жалға берушінің шығыстарын өтеу	3 803	–
Барлығы	69 313	29 326

* 2012 жылғы 5 тамызда Алматы қ., Достық к-сі, 291/3а (783,65 м²) мекенжайы бойынша 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 82/10-Р үй-жайларды жалдау шарты жалға берушінің бастамасы бойынша бұзылды.

** Осы үй-жайларды жалдау негізгі офистен жаңа үй-жайларға ауысумен байланысты Орталық депозитарийдің үзіліссіз қызметін қамтамасыз етуге қажет болады.

24-ескеру.

АМОРТИЗАЦИЯЛАУ ШЫҒЫСТАРЫ

мың теңге

Шығыстардың баптары	2013 жыл	2012 жыл
Негізгі қаражатты амортизациялау	17 562	18 320
Материалдық емес активтерді амортизациялау	1 948	1 867
ЖИЫНТЫҒЫ	19 510	20 187

Осы қаржылық есептіліктің 12 және 13-ескертулерінде келтірілген амортизацияны есептеу үшін Орталық депозитарий пайдаланған негізгі деректер.

25-ескерту.

**КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫНАН ӨЗГЕ
САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУГЕ ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫСТАР**

мың теңге

Шығыстардың баптары	2013 жыл	2012 жыл
Орталық депозитарийдің салық агенті ретінде ұстайтын корпоративтік табыс салығын төлеу шығыстары	5 825	13 970
Корпоративтік табыс салығынан басқа, өзге салықтар мен алымдарды төлеу шығыстары	67	52
ЖИЫНТЫҒЫ	5 892	14 022

Орталық депозитарий төлем көзінен салық салынатын кірістер жөніндегі корпоративтік табыс салығын есептеу мен ұстау жөніндегі салық агенті ретінде іс-әрекет жасап, халықаралық депозитарийге төлейтін кірістерден корпоративтік кіріс салығын ұстайды.

Орталық депозитарийдің салық агенті ретінде ұстайтын корпоративтік табыс салығы сомасының кемуі 2013 жыл ішінде Орталық депозитарийдің номиналды ұстауында есептелетін және халықаралық депозитарийлердегі Орталық депозитарийдің шоттарындағы қаржы құралдары екі есе салық салуды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасымен конвенция жасалған елдерде ашылған шоттарға аударылғандығымен түсіндірілді.

Корпоративтік табыс салығынан өзге, 2013 жылы Орталық депозитарий төлейтін өзге салықтар мен алымдарға мыналар енгізіледі:

- 40 мың теңге сомасында көлікке салық;
- 14 мың теңге сомасында қоршаған ортаға эмиссия төлемі;
- 13 мың теңге сомасында мемлекеттік алым.

Салыстыру үшін: 2012 жылы Орталық депозитарий төлеген корпоративтік кіріс салығынан өзге, басқа салықтар мен алымдарға мыналар енгізілді:

- 38 мың теңге сомасында көлікке салық;
- 14 мың теңге сомасында қоршаған ортаға эмиссия төлемі.

26-ескерту.

АУДИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТӨЛЕУГЕ ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

мың теңге

Шығыстардың баптары	2013 жыл	2012 жыл
Жария рейтингті* беру қызметін төлеу	14 013	—
Ақпараттық технологиялар мен жүйелердің техникалық аудитін жүргізу қызметін төлеу	9 932	5 085
Қаржылық есептілік аудитін жүргізу қызметін төлеу	6 274	6 000
Консультациялық қызметті төлеу	776	2 100
ЖИЫНТЫҒЫ	30 995	13 185

* Thomas Murgau компаниясының Орталық депозитарийге гәп-анализ жасау және рейтинг беру қызметі.

Консультациялық қызметті төлеу шығыстарының сомасына Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесі комитетінің аудит жөніндегі мүшелері – сыртқы сарапшылар Д.Д. Елеукуновке 571 мың теңге және Ж.К. Бердалинаға 205 мың теңге (2012 жылы – Ж.К. Бердалинаға 2 100 мың теңге) мөлшерінде сыйақы төлеуге жұмсалған шығыстар кіреді.

27-ескерту. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

мың теңге

Шығыстардың баптары	2013 жыл	2012 жыл
"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қазақстандық банкаралық есептеулерінің орталығы" РМК қызметін төлеу	9 164	8 286
Байланыстың цифрлық арналарын пайдаланғаны үшін төлем	7 204	5 289
Халықаралық және мобильдік байланысты төлеу, абоненттік төлеу	2 397	2 609
ЖИЫНТЫҒЫ	18 765	16 184

Байланыстың цифрлық арналарын пайдаланғаны үшін төлем шығыстарының өсуі байланыс арналарының өткізу қабілеттілігінің өсуімен байланысты.

28-ескерту.

БАСҚА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

мың теңге

Шығыстардың баптары	2013 жыл	2012 жыл
Тараптың бағдарламалық қамтамасыз етуіне қолдау көрсету бойынша қызметті төлеу	8 582	8 780
Орталық депозитарийдің қызметкерлерін ерікті медициналық сақтандыру шығыстары	7 437	6 554
Іссапар шығыстары	7 192	3 168
Демеушілік*	6 950	–
Дебиторлық берешекті түзетуден болған шығын**	4 000	–
Автокөлікті жөндеу және күту шығындары	3 985	4 252
Автокөлікті жалдау шығыстары	3 908	5 081
Тәуекелдерді сақтандыру шығыстары***	3 375	–
Өзге тауарлар мен қызметті сатып алу шығыстары	3 033	6 242
Кеңсе тауарлары мен шығыс материалдарына жұмсалған шығыстар	2 827	6 266
Банк қызметін төлеу	2 660	3 595
Анықтама-құқықтық ақпараттық жүйені сатып алу және ілеспе қызмет көрсету шығыстары	2 202	2 119
Түрлі қауымдастықтарға мүшелік жарналарды төлеу шығыстары	1 264	1 201
Бөгде тұлғаларға ақша төлемдерін жүзеге асыру****	800	–
Кадрларды дайындау шығыстары	607	829
Өкілдік шығыстар	574	372
Айыппұлдар*****	519	227
Дебиторлық берешектің құнсыздануына резервті қалыптастыру шығыстары	380	44
Орталық депозитарийдің Алматы қ., "Самал-1" ы/а, 28 мекенжайындағы негізгі офистегі үй-жайды жөндеу шығыстары	–	5 750
Мәдени іс-шараларды жүргізу шығыстары	–	1 719
Негізгі құралдардың істен шығуынан болатын шығындар	–	1 067
ЖИЫНТЫҒЫ	60 295	57 266

* Орталық депозитарий акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешіміне (2012 жылғы 12 қарашадағы №4 хаттама) сәйкес сатып алынған әлем елдерінің (CSD12) орталық депозитарийлерінің XII Халықаралық форумындағы "Gold sponsor" демеушілік пакетінің құны.

** Дебиторлық берешекті түзетуден болған шығын Орталық депозитарийдің клиенттеріне өз қызметіне ерекше тарифке сәйкес төлеу жөніндегі кірістің кемуі есебінен болды.

(соңы – келесі бетте)

28-ескерту

"Өзге операциялық шығыстар"

(соңы)

- *** 2013 жылғы 24 мамырдағы тәуекелдерді сақтандыру жөніндегі қызметті мемлекеттік сатып алу туралы № PI/AOIKH/X6/130 шартқа сәйкес және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес (2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 17 отырыстың хаттамасы).
- **** Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешіміне (2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 12 отырыстың хаттамасы) сәйкес бөгде тұлғаларға жасалған ақша төлемдері.
- ***** 300 АЕК⁵ мөлшеріндегі айыппұл Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің 2013 жылғы 25 қазандағы номиналды ұстауды есепке алу жүйесін жүргізу тәртібін бұзумен көрінген заңсыз іс-әрекетке әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына сәйкес төленді.

⁵ Жәрдемақылыр мен өзге әлеуметтік төлемдерді есептеуге арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа төлемдерді қолдану үшін мәні тиісінше жылдарға Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңдарымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш.

29-ескерту.

КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

мың теңге

Көрсеткіш	2013 жыл	2012 жыл
Ағымдағы салық аударымдары	89 695	56 993
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы	(3 412)	(65)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	86 283	56 928

Есепті кезеңдердегі табыс салығы бойынша бухгалтерлік кірістің және шығыстың өзара байланысы төменде келтірілген.

мың теңге, егер өзгесі көрсетілмесе

Көрсеткіш	2013 жыл	2012 жыл
Салық салғанға дейін пайда	468 311	290 838
Корпоративтік табыс салығының ресми ставкасы	20 %	20 %
Ресми ставка бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы	93 662	58 168
Салық салынбайтын айырманың салыққа әсері	(7 379)	(1 240)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	86 283	56 928

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бухгалтерлік және салықтық есепке алу мақсаттарында анықталған активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының арасындағы уақытша айырманың таза салықтық әсерін көрсетеді.

(соңы – келесі бетте)

29-ескерту

"Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар"

(соңы)

Төменде 2012 және 2013 жылдарға кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығын қалыптастыру процесі ашылды.

2013 жыл

мың теңге

Уақытша айырмалар	Уақытша айырмалардың салыққа әсері		Бір жылғы өзгеріс
	31.12 2013	31.12 2012	
негізгі қаражат бойынша	2 460	3 332	(872)
қауымдастырылған кәсіпорындардағы шығындағы үлесі бойынша	(3 905)	(1 406)	(2 499)
демалыстар жөніндегі резерв бойынша	(3 690)	(3 468)	(222)
дебиторлық берешек жөніндегі резерв бойынша	(107)	(288)	181
ЖИЫНТЫҒЫ	(5 242)	(1 830)	(3 412)

2012 жыл

мың теңге

Уақытша айырмалар	Уақытша айырмалардың салыққа әсері		Бір жылғы өзгеріс
	31.12 2012	31.12.2011	
негізгі қаражат бойынша	3 332	3 187	145
қауымдастырылған кәсіпорындардағы (шығындағы)/ кірістегі үлесі бойынша	(1 406)	1 095	(2 501)
демалыстар жөніндегі резерв бойынша	(3 468)	(3 691)	223
дебиторлық берешек жөніндегі резерв бойынша	(288)	(2 356)	2 068
ЖИЫНТЫҒЫ	(1 830)	(1 765)	(65)

30-ескерту.

**БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН
ОПЕРАЦИЯЛАР**

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 78-бабының 1-тармағына сәйкес Орталық депозитарий коммерциялық емес ұйым болып табылады. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының 64-бабының 3-тармағына сәйкес акционерлік қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы ережелер коммерциялық емес ұйымдарға таралмайды. Тиісінше осы заңнамалық нормалардан көріп отырғандай Орталық депозитарийдің аффилирленген тұлғалары жоқ.

Сонымен қатар қаржылық есептілікті жасаған кезде Орталық депозитарий "байланысты тараптар" ұғымын пайдаланады, бұл "Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу" IAS 24-те анықталғандай, басқа тұлғаның операциялық және қаржылық шешімдеріне елеулі ықпалды бақылау немесе жүзеге асыру мүмкіндігі бар тұлға түсініледі. Сонымен қатар тараптардың арасында байланысы бар қандай да тұлғаларды анықтау осындай қарым-қатынастардың заңдық нысаны негізінде ғана емес, осы тұлғалардың арасындағы өзара қарым-қатынастар мазмұны негізінде жүзеге асырылады.

Қаржылық есептілік мақсатында Орталық депозитарийдің байланысты тараптары ретінде оның ірі акционерлері, Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшелері, оның қауымдастырылған кәсіпорындары "РТРС" ЖШС және "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ қаралады.

Орталық депозитарийдің ірі акционерлері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және "Қазақстан қор биржасы" АҚ болып табылады.

2013 жыл ішінде Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшелері мыналар болды:

- Орталық депозитарий акционерлерінің өкілдері Ж.С. Баймуканов, О.Т. Кизатов, Ж.И. Малайсарова, И.М. Сабитов;
- Орталық депозитарийдің тәуелсіз директорлары Ш.Р. Айнабаева, А.М. Джолдасбеков, Ж.Б. Курманов;
- бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның өкілі (2011 жылғы 1 маусымнан бастап – М.Ж. Хаджиева);
- Орталық депозитарийдің Президенті Б.Х. Капышев (лауазымы бойынша).

2012 жыл ішінде Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылды:

- 2012 жыл ішінде:

Орталық депозитарий акционерлерінің өкілдері Ж.С. Баймуканов, Ж.И. Малайсарова;

Орталық депозитарийдің тәуелсіз директорлары Ш.Р. Айнабаева, А.М. Джолдасбеков;

қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік органның өкілі (2011 жылғы 1 маусымнан бастап – М.Ж. Хаджиева);

Орталық депозитарийдің Президенті Б.Х. Капышев (лауазымы бойынша);

(жалғасы – келесі бетте)

30-ескерту

"Байланысты тараптармен операциялар"

(жалғасы)

- 2012 жылғы 23 мамырға дейін:
Орталық допозитарий акционерлерінің өкілдері Е.А. Биртанов, К.К. Дамитов;
тәуелсіз директор А.Н. Тасболат;
- 2012 жылғы 23 мамырдан бастап акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешіміне (2012 жылғы 23 мамырдағы № 1 хаттама) сәйкес Орталық депозитарий Директорлар кеңесінің мүшелері мыналар болып табылды:
Орталық допозитарий акционерлерінің өкілдері О.Т. Кизатов, И.М. Сабитов;
тәуелсіз директор Ж.Б. Курманов.

Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесі мүшелерімен жасаған операциялары осы қаржылық есептіліктің 21-ескертуінде ашылған.

Орталық депозитарийдің байланысты тараптарының берешегі төменде келтірілген.

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.13	31.12.12
КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК		
"РТРС" ЖШС	–	1
ЖИЫНТЫҒЫ	–	1
ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК		
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	14 024	7 699
"Қазақстан қор биржасы" АҚ	163	268
"Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ	160	954
ЖИЫНТЫҒЫ	14 347	8 921

(жалғасы – келесі бетте)

30-ескерту

"Байланысты тараптармен операциялар"

(жалғасы)

Орталық депозитарийдің байланысты тараптар бөлігіндегі соңғы екі жылдағы кредиторлық және дебиторлық берешектерінің динамикасы төменде көрсетілген.

Кредиторлық берешектің динамикасы

мың теңге

Көрсеткіш	ЖИЫНТЫҒЫ
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	
2011 жылғы 31 желтоқсан	–
Орталық депозитарийге қаржылық қызметті көрсету	80
Орталық депозитарийге көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(80)
2012 жылғы 31 желтоқсан	–
Орталық депозитарийге қаржылық қызметті көрсету	63
Орталық депозитарийге көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(63)
2013 жылғы 31 желтоқсан	–
"РТРС" ЖШС	
2011 жылғы 31 желтоқсан	192
Үй-жайды жалдау	16 036
Орталық депозитарийге көрсеткен қызметті төлеу	(16 227)
2012 жылғы 31 желтоқсан	1
Үй-жайды жалдау	16 036
Орталық депозитарийге көрсеткен қызметті төлеу	(16 037)
2013 жылғы 31 желтоқсан	–
"Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ	
2011 жылғы 31 желтоқсан	–
Орталық депозитарийге қаржылық қызметті көрсету	46
Орталық депозитарийге көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(46)
2012 жылғы 31 желтоқсан	–
Орталық депозитарийге қаржылық қызметті көрсету	115
Орталық депозитарийге көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(115)
2013 жылғы 31 желтоқсан	–

(соңы – келесі бетте)

30-ескерту

"Байланысты тараптармен операциялар"

(соңы)

Дебиторлық берешектің динамикасы

мың теңге

Көрсеткіш	ЖИЫНТЫҒЫ
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	
2011 жылғы 31 желтоқсан	5 799
Орталық депозитарийдің қаржылық қызметті көрсетуі	84 435
Орталық депозитарий көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(82 535)
2012 жылғы 31 желтоқсан	7 699
Орталық депозитарийдің қаржылық қызметті көрсетуі	114 971
Орталық депозитарий көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(108 646)
2013 жылғы 31 желтоқсан	14 024
"Қазақстан қор биржасы" АҚ	
2011 жылғы 31 желтоқсан	150
Орталық депозитарийдің қаржылық қызметті көрсетуі	2 132
Орталық депозитарий көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(2 014)
2012 жылғы 31 желтоқсан	268
Орталық депозитарийдің қаржылық қызметті көрсетуі	1 607
Орталық депозитарий көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(1 712)
2013 жылғы 31 желтоқсан	163
"Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ	
2011 жылғы 31 желтоқсан	–
Орталық депозитарийдің қаржылық қызметті көрсетуі	2 172
Орталық депозитарий көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(1 218)
2012 жылғы 31 желтоқсан	954
Орталық депозитарийдің қаржылық қызметті көрсетуі	1 492
Орталық депозитарий көрсеткен қаржылық қызметті төлеу	(2 286)
2013 жылғы 31 желтоқсан	160

31-ескерту.

ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында түрлі түсіндірмелер бар және жиі өзгерістерге ұшырайды. Осы заңнаманың Орталық депозитарийдің қызметіне қатысты салық органдарымен интерпретациясы осы заңнаманың Орталық депозитарий басшылығының интерпретациясымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Орталық депозитарий басшылығы өздерінің Қазақстан Республикасы салық заңнамасын түсіндіруді негізге ала отырып, салық жөніндегі Орталық депозитарийдің міндеттемелері қаржылық есептілікте толық көлемде көрсетілген деп есептейді.

Сақтандыру

Орталық депозитарий көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін және қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау барысында жазатайым жағдайдан міндетті сақтандыру шарттарын жасайды. 2013 жылы Центральний депозитарий аталған шарттар бойынша жалпы сомасы 268 мың теңгеге сақтандыру сыйлықақыларын аударды (2012 жылы – 242 мың теңге).

Орталық депозитарий қызметкерлерінің өтініштері негізінде олар ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру шартын, сондай-ақ тәуекелдерді сақтандыру шартын (кәсіби жауапкершілік) жасайды. Осындай сақтандыруға жұмсалған шығыстар осы қаржылық есептіліктің 28-ескертуінде жарияланған.

Шарттық міндеттемелер

Орталық депозитарий жүзеге асырылатын қызметіне байланысты шарттарды жасайды (осы қаржылық есептілікке 1-ескертуді қараңыз).

Депоненттермен және оның клиенттерімен жасалған қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асырып, Орталық депозитарий осындай тіркеуге депоненттер бұйрығын дұрыс және уақтылы орындалуына, сондай-ақ ақша аударымына төлем құжаттарын осындай тіркеумен байланысты дұрыс және уақтылы ресімделуіне жауапкершілікті алады.

2013 жылғы маусымда Орталық депозитарий тәуекелдер, алаяқтық, қателер мен олқылықтар, компьютерлік іркілістер жағдайына және жалпы Орталық депозитарийдің кәсіби жауапкершілігіне сақтандыру шартын жасады.

Орталық депозитарий егер осындай шығын үшінші тұлғалар кінәсінен орын алған жағдайда, егер осы тұлғалар Орталық депозитарийдің тапсырмасы бойынша іс-әрекет еткен жағдайды қоспағанда, келтірілген шығынға жауап бермейді.

Орталық депозитарийдің басшылығы Орталық депозитарий клиенттерімен өзара қарым-қатынастар жасау практикасын негізге ала отырып, оның шарттық міндеттемелері 2013 жылы тиісінше тәсілмен орындалды және қаржылық есептілік толық көлемде көрсетілді деп есептейді.

(соңы – келесі бетте)

31-ескерту

"Шарт және шарттық
міндеттемелер"

(соңы)

Сот талқылаулары

Орталық депозитарийдің басшылығы клиенттері мен қарсы агенттердің кейде туындаған шағымдары бойынша болатын тексерістер елеулі шығындарға әкелмейді деп есептейді. Тиісінше, есепті күнге осындай тексерістерге байланысты резервтер құрылған жоқ.

32-ескерту.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару және олардың мониторингі Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесімен, Басқармамен және Инвестициялық комитет белгіленген рәсімдерге және лимиттерге сәйкес жүзеге асырылады.

Кредиттік тәуекел

Орталық депозитарийді кредиттік тәуекелге ұшырататын қаржылық активтер ақшадан және оның баламаларынан, Орталық депозитарийдің меншікті активтерінің есебінен сатып алған қаржы құралдарынан және сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық бершегінен тұрады.

Орталық депозитарий өзінің ақшалары бойынша ең аз кредиттік тәуекелдерді есептейді, себебі оған тек теңгедегі және еркін айырбасталатын валюталардағы ақша тиесілі, ал Орталық депозитарийдің банктік шоттары сенімді қаржы институттарында ашылған.

Орталық депозитарий қаржы құралдарына салынатын инвестициялар бойынша ең аз кредиттік тәуекелдерді есептейді, себебі Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен (2010 жылғы 11 маусымдағы № 4 отырыстың хаттамасы) бекітілген оның "Меншікті активтерді инвестициялау саясаты" атты ішкі құжатына сәйкес, бұл активтер тек Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және Қаржы министрлігі шығарған Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздарына, (инвестициялық портфельдің мөлшерінен 80 %-нан 100 %-на дейін), сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мерзімді салымдарға (инвестициялық портфельдің мөлшерінің 20 %-ына дейін) инвестицияланады. Сонымен қатар Орталық депозитарийдің меншікті активтерін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіне мерзімді салымды инвестициялау мерзімі осы банк келесі талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда 24 айдан аспауы тиіс:

- 1) банк "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+" кем емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағасына ие не Fitch Ratings агенттігінің немесе Moody's агенттігінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;
- 2) банк "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-" кем емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағасына не Fitch Ratings агенттігінің немесе Moody's агенттігінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік банктің еншілес банкі болып табылады.

(жалғасы – келесі бетте)

32-ескерту

"Тәуекелдерді басқару"

(жалғасы)

Орталық депозитарийдің қаржылық жағдай туралы есебінің баптары бойынша кредиттік тәуекелдің ең төменгі мөлшері төменде көрсетілген.

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.2013		31.12.2012	
	BV*	MR*	BV	MR
Ақша және оның баламалары	108 450	105 911	105 878	104 466
Жинақ шоттардағы ақша	–	–	173 939	173 939
Өтелгенге дейін ұсталатын қаржы құралдары	1 798 996	1 798 996	1 200 707	1 200 707
Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	87 855	87 855	80 579	80 579
ЖИЫНТЫҒЫ	1 995 301	1 992 762	1 561 103	1 559 691

* BV – баланстық құн, MR – тәуекелдің барынша жоғары мөлшері.

2012 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде құнсызданбаған мерзімі өткен активтер болған жоқ.

Орталық депозитарий көрсеткен қызметтері бойынша сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі кредиттік тәуекелге ұшырампаз.

Географиялық шоғырландыру

2012 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЭҚЖДҰ⁶ елдерінде жалпы сомасы 1 871 мың теңге және 3 013 мың теңге шетел валюталарында ақшаның көп бөлігінің орналасуын қоспағанда, Орталық депозитарийдің активтері мен міндеттемелері географиялық жағынан Қазақстан Республикасында орналасқан (Орталық депозитарий ақшасының қалған бөлігі шетел валюталарында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттарда болды).

Өтімділікті жоғалту тәуекелі

Аптасына бір реттен кем емес өтімділікті жоғалту тәуекелін басқару мақсатында активтер мен міндеттемелер мерзімдерін салыстыру, өтімді қаражаттың ағымдағы қалдықтарына, сондай-ақ өтімділік коэффициенттерін есептеуге және мониторингіне талдау жүргізу арқылы өтімділікті жоғалту тәуекелін бағалауды жүзеге асырады. Орталық депозитарийдің басшылығының тиісінше қорытындыларының негізінде тәуекелге ықпал ету шараларын қолдану туралы шешім қабылдайды.

(жалғасы – келесі бетте)

32-ескерту

"Тәуекелдерді басқару"

(жалғасы)

Орталық депозитарийдің инвестициялық портфелінің құрамына кіретін қаржы құралдары тұрақты сұратумен пайдаланады және өтімділікті жоғалту тәуекелі туындаған жағдайда жеңіл сатылуы мүмкін.

Төменде 2012 және 2013 жылдардың соңындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің қаржылық міндеттемелері осы міндеттемелерді өтеу бойынша заңнамалық және шарттық жағдайлар негізінде анықталған олар өтелгенге дейін мерзімдер бөлігінде ұсынылған.

мың теңге

Көрсеткіш	Қаржылық міндеттемелер			
	А*	В*	С*	Итого
2012 жылғы 31 желтоқсан				
Кредиторлық берешек және өзге міндеттемелер	8 570	17 341	–	25 911
Дисконтталмаған қаржы міндеттемелерінің жиынтығы	8 570	17 341	–	25 911
2013 жылғы 31 желтоқсан				
Кредиторлық берешек және өзге міндеттемелер	3 824	18 450	–	22 274
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелер жиынтығы	3 824	18 450	–	22 274

* А – үш ай ішінде өтеумен; В – үш айдан басталатын мерзім ішінде бірақ 12 айдан кем мерзімде өтеумен; С – бір жылдан басталатын, бірақ бес жылдан кем мерзім ішінде өтеумен.

Осы қаржылық есептілікте Орталық депозитарийдің қаржылық міндеттемелері осы міндеттемелердің қысқа мерзімді сипатының себебі бойынша дисконтталмаған түрде ұсынылды.

Пайыздық тәуекел

Орталық депозитарийдің инвестициялық портфелі белгіленген сыйақы ставкасы бар қаржы құралдарынан тұрады, бұл ретте бағалы қағаздар "өтелгенге дейін ұсталатын" ретінде жіктеледі, Орталық депозитарий пайыздық тәуекелге сезімталдық талдауын ашпайды, себебі елеулі пайыздық тәуекелге ұшырамайды.

(соңы – келесі бетте)

32-ескерту

"Тәуекелдерді басқару"

(соңы)

Валюталық тәуекел

Шетел валютасындағы Орталық депозитарийдің активтері мен міндеттемелерінің көлемінің аз болуына байланысты, Орталық депозитарий валюталық тәуекелге сезімталдық талдауын ашпайды, себебі ол елеулі валюталық тәуекелге ұшырамаған.

Баға тәуекелі

Орталық депозитарийдің инвестициялық портфелі тек "өтелгенге дейін ұсталатын" деп жіктелетін борыштық бағалы қағаздармен ұсынылатындықтан, Орталық депозитарий баға тәуекелін ұшырамайтындықтан, баға тәуекеліне сезімтал талдау жасамайды.

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекелдерді басқару аясында Орталық депозитарий оларды бірегейлендіру, сандық бағалау және мониторинг жасау, сондай-ақ оларды басқару жөніндегі шараларды қабылдауды жүзеге асырады. Орталық депозитарийді ішкі бақылау жүйесі қызметті жүзеге асыру, шешімдерді дайындау және қабылдау, қажетті есептілікті жасау және ұсыну жөніндегі нақты рәсімдерді белгілеу есебінен операциялық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді. Бұдан өзге, 2013 жылы Орталық депозитарий 250 млн теңге сомасына операциялық тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асырды (мұндай сақтандыруға шығыстар осы қаржылық есептіліктің 28-ескертуінде ашып көрсетілген).

33-ескерту.

ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОРЫН АЛҒАН ОҚИҒА

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2014 жылғы 11 ақпанда бұрынғы деңгейдегі теңгенің айырбас бағамын ұстап отырудан, валюталық интервенцияның көлемдерін азайтудан, теңгенің айырбас курсының құру процесіне араласудан бас тарту туралы шешім қабылдады, нәтижесінде 2014 жылғы 13 ақпанда теңгенің АҚШ долларына қатынасы бойынша нарықтық айырбас бағамы 184,5 теңгеге дейін төмендеді, яғни 19 %-ға кеміді. Жалпы экономика мен қаржы нарығының тұрақсыздануын болдырмау мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі теңгенің АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамның ауытқу дәлізі +/- 3 теңге болып есептелді.

Орталық депозитарийдің басшылығы қалыптасқан жағдайда Орталық депозитарийдің экономикалық тұрақтылығын қолдау жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдайды деп есептейді.

34-ескерту. ДЕПОНЕНТТЕРДІҢ АКТИВТЕРІ

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 238 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру ережесінің 10 және 22-тармақтарына сәйкес, Орталық депозитарий клиенттерінің қаржы құралдарын есепке алу Орталық депозитарийге тиесілі қаржы құралдарынан бөлек баланстан тыс шоттарда жеке жүзеге асырылады, ал Орталық депозитарий депоненттерінің және олардың клиенттерінің ақшасын есепке алу оның баланстан тыс шоттарында бөлік жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып, Орталық депозитарий өз қаржылық есептілігінде өз клиенттеріне тиесілі ақша мен қаржы құралдарын көрсетпейді. Осы қаржы құралдары мен ақшаға қатысты Орталық депозитарийдің әлеуетті тәуекелінің шамасы уақыттың кез келген сәтінде олардың құнына тең.

Төменде анықтамалық мақсаттарда Орталық депозитарийдің номиналды ұстауындағы қаржы құралдары туралы ақпарат және Орталық депозитарийдегі депоненттердің банктік шоттарындағы ақша көрсетіледі.

мың теңге

Көрсеткіш	31.12.13	31.12.12
Орталық депозитарийдің номиналды ұстауындағы мемлекеттік бағалы қағаздар (есепке алу құны бойынша)	3 633 490 100	3 098 742 798
Орталық депозитарийдің номиналды ұстауындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар (есепке алу құны бойынша)	31 578 951 979	12 874 497 712
Орталық депозитарийдің банктік шоттарындағы ақша	11 271 192	13 698 248
ЖИЫНТЫҒЫ	35 223 713 271	15 986 938 758

Президент

Б.Х. Капышев

Бас бухгалтер

Е.Ю. Мирошникова